

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	«Мейіргер ісі-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 1 беті
---	--	---	---

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Пән: «Шұғыл мейіргерлік күтім»

Мамандығы: 09130100 – «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103- «Жалпы практикадағы мейіргер»

Курс: 2

Семестр: 4

Қорытынды бақылау түрі: Д/синақ

Жалпы енбек сыйымдылығы сағат/кредиттер: KZ:24/1

Аудитория: 24

Шымкент, 2023 ж.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық		044-80/11 () 64 беттің 2 беті

Әдістемелік нұсқаулық «Шұғыл мейіргерлік күтім» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Оқытушы: Совет А.Ә.

Мамандығы: 0302000 "Мейіргер ici"

Біліктілігі: 0302043 "Жалпы практика мейірgeri"

Әдістемелік нұсқаулық «Мейіргер ici-2» кафедра мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 " 1 " 09 2023 ж.

Кафедра менгерушісі: Айбекова Г.Н.

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейірлер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 3 беті

1- сабак

5. 1. Сабактың тақырыбы: Кіріспе. Шұғыл жағдайларда ауруханаға дейінгі кезенде науқасты клиникалық зерттеу және диагностикалау әдістері.

5. 2. Сабактың мақсаты:

- Қауіпсіз мейірлерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде ұйымдастыруышылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметке шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

5. 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Алғашқы көмек дегеніміз не?

2. Зардал шегушіге алғашқы көмек көрсету принциптері

Алғашқы көмек — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әр түрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суга бату, кую, усу, электр тоғы соғу, т.б. жатады. Алғашқы көмектің негізгі шаралары: апатқа түскен адамды апат әсерінен құтқару (өрттен, судан шығару); апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, иіс тисе таза аяу жүткізу); қан тоқтату, жараны байлау, сынған аяқтың немесе қолдың қозғалысын тежеу; жасанды дем алдыру, жүрекке жабық массаж жасау, апатқа түскен адамды тезірек емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек көрсететін дәрігерлер тобын шақыру.

Бірінші рет қаралу, зардал шегушіге алғашқы көмек көрсету (бірінші кезекте, өмірлік маңызды органдарға төнген қауіпті анықтауға бағытталған) ол:

1. есін тексеру (ми жүйесі);
2. тынысын тексеру;
3. пульсін тексеру (жүректің жұмысын);
4. жедел жәрдем шақыру .

Есін тексеру - Зардал шегушінің есінен айырылмағанын анықтаңыз. - Егер ол қатты айқай, иығынан жүлкілау сияқты сыртқы тітіркендіргіштерді сезбесе, оны көмек көрсетуге келісті деп есептеңіз.

Жалпы жүйеліктері алғашқы медициналық жәрдем көрсетуде зардал шегушіні қаралу маңызды болімге жатады. Оның әрқашан бірінші басын тексеру керек, содан кейін қолмен ұстап қарайды. Ол бас сүйегінің жұмсағанын немесе жарылғанын, қанталаудың болуын айқындауға мүмкіндік береді. Бет жүзін тексергенде оның түсіне көңіл аудару керек. Бозғылт, терлеген, беті сұық, көзі жұмылған және аузы ашық болса, естен тану жағдайында екенін дәлелдейді. Беті ысып, қызарып тұрса қызбалықты білдіреді. Мұрыннан қан кету бас сүйегінің, мұрын сүйектері немесе мұрынның қан тамырлары зақымдану салдарынан болуы мүмкін. Егер де мұрын сынған болса, оны байқау оңай. Көзді қарал тексеру басқа денелерді, жараны анықтау, көз қарашықтарының ұлғаю жағдайын, олардың жарыққа реакциясын анықтау үшін жасалады.

Көзбен қатар бас сүйегінің жарақат қауіптілігін дәлелдейтін, құлақтың жарғағы қаралады, есту және құлақтан шығатын сұйықтық тексеріледі.

Ауыз қуыстарын тексергенде ауыздың зақымдануына, ерін түсіне, тістердің бүтіндігіне және жақ сүйектеріне ерекше көңіл бөлінеді. Бозарған ерін жүректің кемшіліктерін, ал көгерген ерін оттегі жетіспеушілігін көрсетеді. Ауыздан шыққан сұйықтық қан түсті болса, ішкі ағзалардың, тыныс алу және ас қорыту жолдарының бұзылуын білдіреді.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 4 беті

Мойынды жағаны шешкеннен кейін қарайды, сонымен бірге мойын омыртқа бөлігінің бүтіндігін, оның функцияларын тексереді, мойнын зорлықпен өлтіру ізін іздейді.

Зардал шегушінің арқасын тексеру үшін ішіне немесе қырынан жатқызу керек, егер де мұндай мүмкіншілік болса, арқасына қол сұғып ұстап қарайды. Бұл жұмыс процесінде сүйектердің, жұмсақ тіндердің зақымдалған орындары, аурудың шоғырланған жерлері анықталады. Арқаны тексеру кезінде омыртқаның күйіне ерекше көңіл бөлу керек

Кеуденің алдыңғы бөлігін қараганда бұғананың бүтіндігін олардың органдары бөлігін басу арқылы тексереді, содан кейін зардал шегушінің терең дем алуын сұрайды; егер де қабырға және кеуде клеткалары зақымдалмаса, онда тыныс алу түзу, ауырмайтын, бір қалыпты болады.

Кеуденің үстіңгі жағын тексеріп болғаннан кейін ішті және жамбас сүйегіне тексеріс жүргізіледі. Қол-аяқты қозбен шолып тексеруде зақымданған жері болса қолмен тексеру біруақытта жүргізіледі.

Сонымен қатар қол-аяқтың қозғалыс функциясын, олардың бүтіндігін, сезімталдығын, деформацияның бар жоғын, жара болған жерді, қансырауын тексереді.

Тексеру зардал шегушінің жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді, едәуір зақымданған аумақтарды айқындаиды, алғашқы жәрдем көрсету жолдарын белгілейді.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Алғашқы медициналық көмек көлеміне ... кіреді.

- A. -сыртқы қан кетуді уақытша тоқтату
- B. -қан және қан алмастырылғыштарды құю
- C. -жараны біріншілік хирургиялық өндөу
- D. -қантамырды ұзына бойы тігу
- E. -қан тамырға тігіс салу

2. Қарыншалық фибрилляция кезіндегі алғашқы көмек:

- A. -электрлік дефибрилляция
- B. -лидокаинді көктамырға енгізу
- C. -калий хлориді, кальций хлориді, атропинді енгізу
- D. -жүректің жабық массажын жасау
- E. -амиодаронды көк тамырға енгізу

3. Жүрек тоқтаған кезде ... қолданылады.

- A. -адреналин
- B. -кардиамин
- C. -дроперидол
- D. -фуросемид
- E. -димедрол

4. Эклампсиядағы аурұханаға дейінгі көмек ... болып табылады.

- A. -магнезиялы терапия
- B. -жүрек гликозидтері
- C. -33 % спирт
- D. -mezaton
- E. -седативті дәрілерді тағайындау

5. Тырысуды басу үшін ... қолданылады.

- A. -реланиум
- B. -эуфиллин
- C. -гормондар
- D. -атропин

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 5 беті

- E. -адреналин
6. Стенокардия ұстамасы кезіндегі жедел көмекте ... беру керек.
- тіл астына нитроглицерин
 - ингаляциялық жолмен астмопент
 - тері астына димедрол
 - ішке преднизолон
 - көк тамырға атропин
7. 22 жастағы жас қызы капотен 10 таблеткасын ішіп уланды. Науқастың басы айналды, әлсізденді, көзі қарауытты. Үрейленіп жедел жәрдемді шақырды. Көмек көрсетуді қандай шарадан бастау қажет?
- асқазанды шаюдан
 - жасанды дем беруден
 - гипертензияті дәрмек енгізуден
 - жүрекке тікелей емес массаж жасаудан
 - жүрекке тікелей массаж жасаудан
8. Алғашқы медициналық көмек көлеміне ... кіреді.
- сыртқы қан кетуді уақытша тоқтату
 - қан және қан алмастырыштарды қыю
 - жараны біріншілік хирургиялық өндеу
 - қантамырды ұзына бойы тігу
 - қан тамырға тігіс салу
9. Эпилепсиялық ұстама кезінде бірінші кезекте:
- асфиксияны болдырмау
 - объективті тексеру жүргізу
 - тілді тістеп қалмауды қадағалау
 - тырысуды болдырмау
 - тыныштандыратын дәріні енгізу
10. Бүйрек ұстамасы кезіндегі жедел көмек
- но-шпаны енгізу
 - преднизолонды енгізу
 - дибазолды енгізу
 - лазикті енгізу
 - кетоналды енгізу

Ситуациялық есеп:

Сіз көшеде өмір белгілері жоқ адамды таптыңыз.

Объективті: сана жоқ, каротид артериясындағы импульс анықталмайды, кеуде қуысының қозғалысы көрінбейді.

Тапсырма:

- Сіздің алдын ала диагнозыңыз?
- Сіздің дгә тактикаңыз?

2- сабак

- 5. 1. Дәрістің тақырыбы:** Терминалды жағдайлар. Жүрек-өкпе реанимациясының әдістері.
- 5. 2. Сабақтың мақсаты:**
- Қауіпсіз мейіргерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
 - Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету.
- 5. 3. Пәннің міндеттері:**
- Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 6 беті

лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде ұйымдастыруышылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметке шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

5. 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Сафардың үш құрамды әдісін жүргізу?
2. Терминалды жағдайлар дегеніміз не?

Терминалдың жағдайлары-(латынша terminalis- сонышегі) –АҚҚ-ның өте қатты төмендеп, метаболизмнің және газалмасуының терең бұзылуымен жүретін, өмір мен өлім арасындағы тіршілікке қабілеттіліктің критикалық деңгейі. СССР академигі В.А. Неговскидің классификациясы бойынша терминалды жағдайдың 3 түрі бар: предагония, агония, клиникалық өлім. Сонымен қоса қазіргі таңда ТЖ-ға реанимациядан қайта тірілген организмді де жатқызады. Ол жағдай реаниматологияның жақсы дамуына байланысты. Ол жағдайлар өте күрделі патофизиологиялық құрылымды болғандықтан дәрігерден арнайы комплексті емді қажет етеді.

Сонымен қоса терминалды жағдайдың сатыларын қазіргі таңда былай жіктеуге болады:

- Ауыр шок (шок IV степени);
- Терең кома 4 балл және одан төмен;
- Коллапс;
- Терминалды пауза;
- преагония (преагональное состояние);
- агония (агональное состояние);
- Клиникалық өлім.

Егер клиникалық өлімнен науқасты сақтап қала алмасақ биологиялық өлім п.б.

Кенеттен өлім-белгілі бір ауыруы жок, қалыпты жағдайдағы адамдарда- аяқ астынан немесе 60 минут ішінде өзін жайсыз сезінумен болатын жағдай. Бұл жағдайға қинап өлтіру, травмалар, асфиксия, суға бату, улану алып келмейді. КӨ себептері кардиальді және экстракардиальді деп бөлінеді. К-ді себептерге:

- Қарыншалар фибриляциясы;
- Пульсі жоқ қарыншалық тахикардия;
- Толық АВ-блокада;
- Асистолия;
- Электромеханикалық диссоциация;
- Анық тамырлық дистония.

Терминалдың жағдай кезіндегі науқас жағдайын бағалау критерийі

1. Ұйқы және сан артерияларындағы пульсты бағалау;
2. Тыныстың бар жоқтығын анықтау. Ол үшін дәрігер науқастың қеудесіне құлағын қойып, н/е айнаны мұрнына, аузына жақындастып, және пинцетпен жіп не мақта ұстап байқауға болады.
3. Науқастағы команы Глазго шкаласымен анықтаймыз.

4. Қарашық рефлексін бағалау үшін қабақты ашып қарашықты байқаймыз, одан соң қабақты қайтадан бірден ашқанда қарашық өзгермесе онда “қарашық” рефлексі теріс деген сөз.

Егер жогарыда айтылған 4 белгінің біреуі болса, тез арада реанимациялық шараны 1-4 минут ішінде жүргізу керек.

Науқастарға жүрек-өкпе-милық реанимация алғашқы 1-2-3-4 минуттарда жүргізілуі керек себебі миға қоректік зат болып, анаэробты гликолизді жүргізетін мидағы глюкоза қоры тек осы сәтке ғана жетеді. Реанимацияның негізгі міндеттері:

1. Эффективті гемодинамиканы қалыптастыру;
2. Тыныс алуды қалыптастыру;
3. Бас миының жұмысын қалыптастыру және реттеу;

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 7 беті

4. Терминалдың жағдай рецедивінің алдын алу;

5. Асқынулардың алдын алу;

Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізудің алгоритмы

1. Көмекке мұқтаж адаммен байланысу қауіпсіз екеніне көз жеткізіңіз. **Адамның жауап беру қабілетін тексеріңіз** реакцияны тексеріңіз. Олардың иығын сілкіп, қатты дауыстал: «Жақсысың ба?» Деп сұра. Нәресте үшін аяқтың түбін түртіп,

2. Жедел медициналық қомекті шақыру: зардал шегушінің ес-түссіз жағдайында жедел медициналық жәрдем бригадасын шақыру.

3. Үйқы артериясының тамыр соғуын анықтау: - 2, 3 және 4 саусақтарды біріктіріп трахеяның шығындырап түрған бөлігін анықтайды; - саусақтарды теренге және сыртқа қарай шеміршек пен төс-бұғана-емізікті бұлшық еттің аралығына жылжыту; - үйқы артериясын сипап тамыр соғуын анықтау.

4. Пациенттің өз еркімен тыныс алуын анықтау үшін «Көремін, естімін, сезінемін» тәсілі қолданылады: - көзбен көкірек қуысының қимылын бақылау; - құлақпен ауыз қуысынан шыққан дем алған шуылды тыңдау; - бетпен деммен шыққан ауаның қозғалысын сезіну.

Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу

5. Пациентті дайындау: Пациентті шалқасынан қатты тегіс жерге жатқызып, мойны мен кеудесін жалаңаштау, аяқ жағын көтеру.

6. Зардал шегушінің төсіне қолды дұрыс қою: қол төс сүйегіне перпендикулярлы оның ортаңғы үштен бір бөлігіне қойылады. Жұмысшы қолдың теноры мен гипотеноры сүйеу нұктесі болады. Сол қол он қолдың сыртына қойылады.

7. Тікелей емес жүрек массажын жүргізу: минутына 100 компрессиядан кем емес жылдамдықпен, яғни 18 секундта 30 компрессия (дауыстал санау) және компрессия тереңдігі 5 см. кем емес – ересектер үшін, алақанды қөкіректен алмай, минималды үзіліспен, кеуде қуысының әр компрессиядан соң бастапқы қалпына келуіне мүмкіншілік жасай отырып жүргізу. Компрессияны тез және күшпен жасау керек. Қол шынтақ буынында толық түзетіледі және күш тек қана тіке салынады.

8. Ауыз қуысын көру: тыныс жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету үшін ауыз қуысы қаралып, тазартылады, алмалы-салмалы протез алып тасталынады.

Сафардың үш құрамды әдісін жүргізу

9. Басты шалқайту: бір қолмен зардал шегушінің маңдай-төбе аймағынан ұстап басын шалқайту.

10. Жақ сүйегін алға қарай жылжыту: сонымен қатар иегін көтере отырып тәменгі жақ сүйегін алға қарай жылжыту.

11. Науқастың ауызын ашу.

Өкпенің жасанды вентиляциясын жасау

12. Науқастың мұрынын (ауызын) жабу: өкпенің жасанды вентиляциясын жасау үшін «ауыздан-ауызға» әдісі немесе Амбу дорбасы қолданылады. Өкпенің жасанды вентиляциясы «ауыздан-ауызға» әдісін қолданғанда қауіпсіздік шараларын және гигиенаны сақтау үшін ылғалды салфетка немесе бинт кесігі арқылы жасалынады. Бір қолды науқастың мойны мен желкесінің астына жіберіп екінші қолды оның маңдайына қойып басын артқа қарай шалқайтады. Маңдайға қойылған қолмен мұрынды ауа шықпайтындағы етіп қысу.

13. Тыныс жолдарына дем жіберу: демді ішке терең алып, ерінмен зардал шегушінің еріндерін тығыз қамтып алып, өкпедегі барлық ауаны зардал шегушінің кеуде қуысы көтерілетінде етіп тыныс жолдарына жігерлі үрлеу керек. Келесі демді кеуде қуысы алғашқы қалпына келгенде жасайды. Тыныс циклдарының аралығы 1 минутына 8-10 жиі болмауы керек (4-5 санағанда – 1 цикл). Науқасқа үрлеп берілетін ауаның көлемі әдеттегі көлемнен 50% көп болуы керек.

14. Компрессия мен өкпенің жасанды вентиляциясының арақатынасы 30:2 болуы керек.

15. Жүрек-өкпе реанимациясының 1 периоды 5 цикл 2 минуттың ішінде жүргізу.

16. Жүрек-өкпе реанимациясының нәтижелігін анықтау (стоп-анализ): үйқы артериясында тамыр соғуын анықтау.

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 8 беті

17. Пациенттің ары қарай реанимациялық бөлімге жіберу және оларға науқас жеткізілетіндігін ескерту керек.

5.5. Өқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Зардал шегуші қозғалыссыз, сыртқы жағдайға назар аудармайды. Тынысы және білек артериясының тамыр соғысы жоқ. Үйкі артериясында тамыр соғысы әлсіз байқалады. Жоғарғы тыныс жолдарын ашу мақсатында. Сафардың үштік әдісін қолдана отырып, тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте... .

- A. -астыңғы жағын алға жылжытып аузын ашу керек
- B. -басын биіктеп ұсташа керек
- C. -басын артқа шалқайту керек
- D. -жәбірленушінің ауыз қуысын қарап, тазалау керек
- E. -аяу өткізгіш түтікше қою керек

2. Науқастың тыныс жолдарында бөгде зат анықталғанда мейірбикенің іс әрекеті:

- A. -Геймлих әдісін қолдану
- B. -коникотомия жасау
- C. -Сафардың 3 кезеңнен тұратын әдісін қолдану
- D. -мамандандырылған бригаданы шақыру
- E. -науқасты ауруханаға жатқызу

3. Қанды көрген кезде науқас талып қалғанда орындалатын іс әрекет:

- A. -мұсәтір спиртті мақтаны иіскеуге беру
- B. -басын көтеріп жатқызу
- C. -науқасты горизантальды жатқызу
- D. -таза ауамен қамтамасыз ету
- E. -тілдің астына нитроглициринді салу

4.28 жастағы науқас А. үйінде ауыр жағдайда табылды. Шағымдары: басының самай бөлігінің қатты ауырсынуы, басы айналуы, жүрек айнуы, құсуы, ентігіп ауа жетіспеуі. Науқастың айтуы бойынша осы жағдай жұмыс орнындағы от жағатын жүйенің ақаулары салдарынан кейін дамығанын айтады. Емдік шараларды бірінші кезекте бастауға болады:

- A. -науқасты таза ауаға шығару
- B. -өкпені жасанды желдендіру
- C. -науқасты тасымалдау
- D. -науқасты ауруханаға жатқызу
- E. -өкпе-жүрек реанимациясын жүргізу

5. Үлкендерге өкпе-жүрек реанимациясын бір адам жүргізген кезіндегі дем беру мен компрессияның арақатынасы:

- A. -30:2
- B. -4 :3
- C. -1 :5
- D. -2 :4
- E. -3 :6

6.30 жастағы әйел жерде ессіз жатыр. Тері қабаты сұр, цианозды. Жағы тырысқан, басы артқа шалқайған. Аяқ- қолы жартылай бүгілген, бұлшық еті тырысқан. Көз қараышығы екі жақтан кеңейген, жарыққа әсері жоқ. Караганнан кейін бірнеше секундтан соң, екі жақты бет бұлшық еті және аяқ-қолдың дірілі байқалады. Ауыздан қызғылт көпіршік ақты. Болжамды диагноз:

- A. -қояншық ұстамасы
- B. -агональді жағдай

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 9 беті

- C. -клиникалық өлім
- D. -истерия ұстасасы
- E. -кома

7. Естен танған науқасқа жәрдем көрсеткенде... қалыптын беру керек.

- A. -аяқты көтерумен горизонтальды
- B. -аяқтар бастан төмендеген
- C. -жартылай отыру
- D. -вертикальды
- E. -горизонтальды

8. Зақымданған адам арқасымен жатыр, көзі жұмұлы, тынысы қындаған, сирек, тері және шырышты қабықтары бозарыңқы, екі тізесі де зақымданған, көптеген кансыраған жарапар байқалады, екі тізесінің буындары сыртқа бұрылған, тамыр соғысы әлсіз пальпацияланады, жиі. Кенет көз алдыңызда жарапы адамның тынысы тоқтады. Дәрігерге дейінгі жасалынатын шара:

- A. -жүрек- өкпе реанимациясын жүргізу
- B. -қолда затпен иммобилизациялау
- C. -бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
- D. -тері астынан анатоксин енгізу
- E. -жатқан жайда ошақтан эвакуациялау

9.28 жастағы науқас А. үйінде ауыр жағдайда табылды. Шағымдары: басының самай бөлігінің қатты ауырсынуы, басы айналуы, жүрек айнуы, құсуы, ентігіп ауа жетіспеуі. Науқастың айтуы бойынша осы жағдай жұмыс орнындағы от жағатын жүйенің ақаулары салдарынан кейін дамығанын айтады. Емдік шараларды бірінші кезекте бастауға болады:

- A. -науқасты таза ауаға шығару
- B. -өкпені жасанды желдендіру
- C. -науқасты тасымалдау
- D. -науқасты ауруханаға жатқызу
- E. -өкпе-жүрек реанимациясын жүргізу

10. Жүрек соғысы тоқтауының негізгі белгісі:

- A. ұйқы артериясында тамыр соғысынның болмауы
- B. өздігінен тыныс алуының болмауы
- C. көз қарашығының ұлғайуы
- D. есінің болмауы
- E. білек артериясында тамыр соғысынның болмауы

Ситуациялық есеп-1

Госпитальға дейінгі кезенде жүргізілген жүрек - өкпе реанимация шараларынан кейін: аппаратта Өкпені жасанды желдендіру, жүрекке тікелей емес массаж, медикаментозды және инфузиялы терапия барысында – науқаста жүрек қызметі жағынан Жүрек соғуының жиілігі минутына 104 рет соға бастады, АҚ 145/80 мм.сп.бб,. Науқас әлі де ес – түссіз, өзі тыныс ала алмайды.

Тапсырма:

- Гипоксиялық комадан шығару бойынша (бақылау – диагностикалық және емдік) жүргізілетін реанимациялық іс – шаралардың жоспарын құрыңыз.

Ситуациялық есеп-2

2. Қабылдау бөліміне 53 жастағы ер кісі төс артындағы және эпигастрний аймагындағы күйдіріп ауырсынуына, көңілінің айнуына, құсуға, басының айналуына, өлімнен қорқу үрейіне шағымданып қаралды. Анальгетиктерден және нитроглицериннен әсер болмаған. Науқас денесі мұздай тер басқан, боз, акроцианоз. Пульсы жіп тәрізді, жүрек тондары тұйықталған, ырғағы бұзылған экстрасистолия. Жүрек соғуының жиілігі минутына 54 рет. АҚ 60/40 мм.сп.бб.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 10 беті

Кенеттен науқас есін жоғалты, бірден бозарды, тынысы тоқтады, үйқы артериясында пульсы анықталмайды, көз қарашықтары кенейген, фотореакциясы жоқ.

Тапсырма:

1. Диагноз қойыңыз.
2. Сіздің колданатын шараларыңыз.

3- сабак

5. 1. Дәрістің тақырыбы: Ауырсынуды басу, жарақаттар (ашық, жабық) кезіндегі шұғыл мейіргерлік күтім. Десмургия. Жарақаттар. Көліктік иммобилизация.

5. 2. Сабактың мақсаты:

- Қауіпсіз мейіргерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде ұйымдастыруышылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін жаңа көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Жабық жарақат кезіндегі мейіргерлік көмек?
2. Иммобилизация түрлері?

Жарақаттар – бұл адам ұлпалары мен органдарының закымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан, жұмсақ ұлпаның жаралануы мен дененің сыйдырылуынан, органдардың закымдануынан және көптеген басқа жайттардың әсерінен ұлпалар мен органдар тұтастыры мен қызметтің бұзылуы.

Алғашқы көмек – зардал шеккен адамның жарақатын асқындырмай, оған әртүрлі медициналық көмек шараларын дұрыс көрсетіп, оның өмірін сақтап қалуға бағытталған іс-әрекет. Сондықтан да жарақаттанған адамның өмірі мен патологиялық процестердің одан арғы салдары көбінесе апат болған жердегі алғашқы көмектің көрсетілген уақыты мен оның сапасына тығыз байланысты. Ашық закымдалу, немесе жара, кілегейлі қабықша мен тері жамылғысының тұтастырының бұзылуы — бұл сыртқы жара, ал ішкі жара қан кетумен сипатталады (көкірек, құрсақ қуысы, ми сауытында). Жаралардың закымдануына жарақаттаушы зат формасына, құрал түрлеріне қарай бірнеше түрі бар.

Жарақаттардың түрлері:

1. Тері бүтіндігінің бұзылуы бойынша жарақаттар бөлінеді: ашық және жабық жарақаттар. Ашық жарақатқа ұлпа мен ағзалардың анатомиялық тұтастырының бұзылуы жатады: жара, сынық, күйік, буынның таюы. Жабық жарақатқа - терінің сыйдырылуы, сінірдің созылуы, бұлшық еттің жанышылуы, аяқ - қолдың буыннан шығуы, сүйектің жабық сынуы.
2. Жедел және созылмалы жарақаттар. Жедел дегеніміз ағза ұлпасында бір сәтте қатты әсер ету нәтижесінде пайда болған закымдану. Созылмалы дегеніміз аз құштің көп мәрте және тұрақты әсерінен пайда болған закымдану.
3. Тікелей және тікелей емес жарақаттар. Тікелей жарақаттар соққы тиген жерде пайда болады. Тікелей емес жарақаттар, ағзаның басқа жерінде пайда болған жарақаттар.
4. Қайтымды және қайтымсыз жарақаттар.

Жарақаттың себебі - механикалық факторлар (соғылу, ауыр салмақты плитаның астында қалу, биіктен құлау).- химикалық факторлар (қышқылдардың, улағыш заттардың әсері).- физикалық факторлар (ыстық, сұық, қысым, электр тогының, рентген, иондаушы сәулелердің әсері).-

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 11 беті

биологиялық факторлар (бактериялардың, вирустардың, басқа макро және микроагзалардың әсері)- психикалық факторлар (қорқу, ренжу, абыржу салдарынан).

Жарақаттанушылықтың түрлөрі:

- 1) транспорттық (автокөліктік, темір, әуе, су жол көліктік),
- 2) өндірістік (өнеркәсіптік, ауылшаруашылық),
- 3) балалық,
- 4) тұрмыстық,
- 5) спорттық,
- 6) көшелік,
- 7) әскерлік,
- 8) жасандық (суицидтік) жарақаттанушылық.

Жергілікті белгілері: дененің зақымданған бөлігінің ауырсынуы, бозаруы, ісінуі, қан кетуі, қызметінің бұзылуы.

Жалпы белгілер: ес-түсінен айырылуы, ыстығы көтерілуі, тамырдың нашар соғуы, артериалық қысымның төмендеуі, тыныс алудың зат алмасудың бұзылуы және т.б.

Жарақаттардың асқынуы: жарақаттық шок, талықсу; қансырау, қан кету; жара инфекциясы; өмірге маңызды мүшелеңдердің қызметінің (жүрек, бүйрек, өкпе) бұзылуы. Әсіресе ауыр зақым алғанда, оқ тигенде есінен танады. Зақымданған кезде миға келетін қан күрт азаятын болса да адам ес-түсін білмей қалады. Мұндай жағдайда естен тануды шок деп атайды.

Шоктың төрт дәрежесі бар.

I дәрежелі шок — орташа жарақат алған кезде болады. Мұндайда тері бозарады, кейде көгереді, бұлшық еттері дірілдейді. Тыныс алу минутына 90-100-ге қан қысымы сынап бағанасынан 100/60 мм-ге дейін төмендейді.

II дәрежелі шок — ауыр жарақат алғанда пайда болады. Мұндай жағдайда шырышты қабаты мен тері бұзылады. Адам сұлесоқ жатады, айналасына көңіл аудармайды, жай баяу сөйлейді. Тыныс алу минутына 30-ға, тамырының соғуы 120-ға дейін жиілейді, қан қысымы, дene қызуы едәүр төмендейді.

III дәрежелі шок. Көп зақым немесе көп жарақат алған кезде пайда болады. Мұндайда аурудың жалпы жағдайы ауырлайды, терісі бозарады, көгереді, есінен танады, қойған сұраққа естілер естілмес жауап береді. Тамыр соғуы минутына 120-140-қа жетеді, дene қызуы төмендейді. Қан қысымы 60-30 мм-ге дейін төмендейді.

IV дәрежелі шок кезінде ауру есінен танады, тамыр соғуы білінбейді, қан қысымы өте төмен болады, тыныс алуы сирек әрі үстүрт болады. Денеден қан көп кетсе немесе ағза салқындаса, шаршап қалса, тасымалдағанда қосымша зақым келтіріп алса, тасымалдағанда көлікпен селкілдесе, ауруын басатын дәрі берілмесе, адам естен танады. Мұны жарақаттық шок деп атайды. Мұндай жағдайда әуелі алғашқы көмек көрсетіп алу керек. Қан ақса, тез уақытта тоқтату керек. Егер кеуде жотасы үнірейіп тұрса, ондай жағдайда герметикалық таңғыш салады. Ал сүйек сынса, сүйек қозғалып кетпейтіндей етіп таңады, зақымданған болса, онда ыстық кофе мен шай беру керек. Жарақат қай жерде болса да, ол түрі мен ауырлығына қарай жанға батады. Ауру қатты болған сайын зақым алған адамның хал-жағдайы нашарлайды, ауруы асқынады.

Зардал шегушінің ауруын азайту үшін мына тәсілдер қолданылады:

1. Зардал шегушінің үстін жауып, салқындан қалмауын қадағалау.
 2. Сынғанда иммобилизация жасау (жақтау қою).
 3. Зембілге жатқызу.
 4. Құрғақ, сұйық заттарды қолдану (полиэтилен қалтасына салынған мұз, қар, мұздай су) жүйке жүйелерін механикалық тітіркенуден қорғайды, ісігін және жарақаттың қабынуын азайтады.
 5. Дәрі-дәрмектен амидопиринді 0,5 г., анальгинді 0,5-1,0 г., ацетилсаліциил қышқылын 0,5-1,0 г мөлшерінде қолданған дұрыс.
 6. Тасымалдағанда ауруханаға көп селкілдетпей, ұқыпты түрде жеткізген жөн.
- Көмек көрсетуші адам жарақаттың түрін оның ауырлығын анықтап, тыныс жолдары мен жүрек

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 12 беті

қызметінің бұзылғанын ескеріп жедел шара қолдана білу қажет. Зақымданған адам қаны тоқтамай ағып жатса, оны тоқтатып, жарасын таңа білу, сынған жеріне жактауды дұрыс қойып байлау, ауруды орнынан қозғаған кезде оны дұрыс көтеріп, тасымалдай білу, зардал шегушіні қауіпті аймақтан уақытында алып кету, үстіндегі киімін дұрыс шешу

Десмургия – дененің жарақаттанған не ауырган жеріне қозғалмайтында жағдай жасау. Өсіреле, қол, аяқ, омыртқа жотасына қолданылады. Сүйек сынғанда жасаса, сүйектің ұсақ сынықтары қан тамырын, нерв талшықтарын т.б. тканьдерді зақымдамайды және сүйек тез бітеді. Сондай-ақ, жараны инфекция түсуден қорғайды. Қол–аяқ жарақаттанғанда (сынық, буын шығу, буын аурулары т.б.) сырқырап ауруын басады.

Иммобилизацияның уақытша, тұрақты, емдік түрлері болады. Уақытша иммобилизация жасағанда арнайы таңғыш пайдаланылады. Емдік иммобилизация – гипстеп таңу, тартып түзеті, ортопедиялық аппараттар және корсет кигізу. Иммобилизация жұмсақ және тез қататын гипс таңғышты бекітетін аппараттардың көмегімен жасалады. Қазір хирургирияда жи қолданылатын Иммобилизацияның бір түрі остеосинтез.

Иммобилизацияның транспорттық және емдік түрін ажыратады. Емдік иммобилизациядан транспорттықтың ерекшелігі-медициналық көмек көрсететін мекемегі зардал шеккенді жеткізгенге дейін зақымданған жерді иммобилизациялау. Сейтіп, транспортты иммобилизация шоктың, тіндердің (тері, бұлшықет, тамыр, жүйке) сүйек жарықшалары мен екіншілік зақымдануының, инфекциялық асқынудың алдын алады. Транспорттық иммобилизация көрсеткіштеріне сүйек пен буын, ірі қан тамыр мен жүйке бағаны, жұмсақ тіндердің массивті зақымданулары, күйік, ұсу, аяқ-қолдардың ұзақ қысылу синдромы жатады. Кері көрсеткіштер жоқ десек те болады. Транспорттық иммобилизация құралдарын екіге-стандартты шиналар және қолда бар құралдарға бөледі

Транспорттық шина салу ережелері: Транспорттық иммобилизация жарақат алған мезеттен кейін неғұрлым ерте жасалу керек. Транспорттық шиналар жарақат алған сегментпен қатар екі жанындағы буындарға да салыну керек. Сан сүйегі жарақаты кезінде үш буын иммобилизациялану керек (жамбас, тізе, табан) және иық жарақатында да. Аяқ-қолды иммобилизациялау үшін ортафизиологиялық жағдайға келтіру керек. Транспорттық шиналарды киім, аяқ киім үстінен салу керек, оның мақсаты, біріншіден, шешіндіру кезінде қосымша травматизацияның алдын алу, екіншіден, киімді жұмсақ төсөніш ретінде пайдалану. Тіндер қосымша зақымданбау үшін шина салынбастан бұрын дene контурына сай модельдену керек, аяқ-қол жұмсақ төсөнішпен оралу керек, ал сүйектің шығынқы жерлеріне дәкеден не матадан төсөніш салу керек. Шинаны салғаннан кейін модельдемейді, ол қосымша жарақат етуі мүмкін. Қолда бар материалдардың кемшілігі дene контурына сай модельденбеуі. Шинаны тым тығыз орауға болмайды, себебі ол жұмсақ тіндердің қысылуына, соңынан ауыр ишемиялық бұзылыстарға әкелуі мүмкін. Жабық жарақаттар кезінде ось деформациясын түзеу мақсатында шина салмастан бұрын аяқ-қолдың тракциясын жасау керек. Көп жағдайда бұл жарғашалардың ығысуын азайтып, оның айналасындағы тіндерге, өсіреле теріге қысымын азайтады. Ашық сынықтар кезінде тракцияны жасауға болмайды, себебі онда сүйек жарғашалары жұмсақ тіндер теренедігіне еніп кетіп, жараны қосымша зақымдайды. Қысқы уақытта иммобилизденген аяқ-қолды қосымша жылы орау керек.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шагын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жүппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер:

1. Мойын омыртқасы зақымданғанда транспорттық иммобилизация ретінде ... қолданылады.

- A. -мақта-дәкелік Дельбе жағасы
- B. -Крамер шендеуіші
- C. -Дитерихса құрсауы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 13 беті

- D. -айқасқан байламы
 E. -«Тақия» байламы
2. Бас сүйегінің негізі сынғандағы көрініс:
- A. -қан кету, мұрыннан және құлақтан ликвордың ағуы
 B. -қабақтың ісінуі
 C. -тері асты әмфиземасы
 D. -көрудің қосарлануы
 E. -тепе-тендіктің бұзылышы
3. Сыныққа тән белгі:
- A. -сүйек сықыры
 B. -терінің көгеруі
 C. -ісіну
 D. -аяқ-қол қозгалысының шектелуі
 E. -ауырсыну
4. Зақымданған адам арқасымен жатыр, көзі жұмұлы, тынысы қындаған, сирек, тері және шырышты қабықтары бозарыңқы, екі тізесі де зақымданған, көптеген кансыраған жарапар байқалады, екі тізесінің буындары сыртқа бұрылған, тамыр соғысы әлсіз пальпацияланады, жи. Осы кезеңінде дәрігерге дейінгі бірінші кезектегі жасалынатын шара:
- A. -бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
 B. -тері астынан анатоксин енгізу
 C. -дәрі енгізу
 D. -қолдағы затпен иммобилизациялау
 E. -жатқан жайда ошақтан эвакуациялау
5. Зақымданған адам арқасымен жатыр, тері және шырышты қабықтары бозарыңқы, мандайы салқын, дымқыл, демі жи, сол қолында, шынтақтан жоғарырақ киімі жыртылған, алқызыл түсті қан атқылап аққан жара көрінеді. Зақымданған қозған, тұруға тырысады, қолының қызметі бұзылмаған. Бірінші кезектегі жасалынатын шара:
- A. -иықтың төменгі бөлігінде артерияны саусақпен қысу
 B. -жгут салуы
 C. -асептикалық таңғыш салуы
 D. -жатқан жайда ошақтан эвакуациялау
 E. -тасымалдау алдында ыстық тәтті су беріп, жылдыту
6. Зақымданған адам жерде отыр, жағдайы орташа, сирағының ортасындағы жараны көрсетеді. Жарасы терең, беттері тегіс емес, онда жер түйіршіктері және киім үзіктері көрінеді. Жарадан қошқыл түсті қан ағады. Бірінші кезектегі жасалынатын шара:
- A. -жараны біріншілік өндөу
 B. -қан қысымын өлшеу
 C. -жатқан жайда ошақтан эвакуациялау
 D. -асептикалық басатын таңғыш салу
 E. -бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
7. Зақымданған адам арқасымен жатыр, көзі жұмұлы, тынысы қындаған, сирек, тері және шырышты қабықтары бозарыңқы, екі тізесі де зақымданған, көптеген кансыраған жарапар байқалады, екі тізесінің буындары сыртқа бұрылған, тамыр соғысы әлсіз пальпацияланады, жи. Кенет көз алдыңызда жаралы адамның тынысы тоқтады. Дәрігерге дейінгі жасалынатын шара:
- A. -жүрек- өкпе реанимациясын жүргізу
 B. -қолда затпен иммобилизациялау
 C. -бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
 D. -тері астынан анатоксин енгізу
 E. -жатқан жайда ошақтан эвакуациялау
8. Басты иммобилизациялау әдісіне ... жатады.

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 14 беті

- A. -«телпек» таңғышын салу
 B. -жәбірленушіні бүйірімен жатқызу
 C. -мақта-дәкелік Шанцтың жағасын салу
 D. -жәбірленушінің басын зембілге байланап бекіту
 E. -жәбірленушіні горизонтальды жатқызу
9. Омыртқаның мойын бөлігін иммобилизациялау әдісіне ... жатады.
- A. -мақта-дәкелік Шанцтың жағасын салу
 B. -жәбірленушінің басын зембілге байланап бекіту
 C. -қатты беткейге горизонтальды қалыпта жатқызу
 D. -жәбірленушіні бүйірімен жатқызу
 E. -жәбірленушінің басын көтеріп, арқасымен жатқызу
10. Сан сүйегінің сынығы кезінде тасымалдау иммобилизациясының қолайлыш түрі:
- A. -Дитерихс шендеуішін салу
 B. -Крамер шендеуішін салу
 C. -пневматикалық шендеуіш салу
 D. -аяқ-қолдарды аутоиммобилизациялау
 E. -жәбірленушіні зембілге байланап бекіту

Ситуациялық есеп:

Ер адам бетінен соққы алды. Жұмсақ тіндердің ісінуіне байланысты бет асимметриясы, төменгі жақ аймағындағы гематома, тістеудің бұзылуы, төменгі жақ жиегіндегі "қадам" симптомы, фрагменттердің крепитациясы.

Тапсырма:

- Науқастың төтенше жағдайын анықтаңыз.
- Дәрігерге дейінгі көмек алгоритмін жасаңыз.
- Тану техникасын көрсетіңіз - "уздечка".

4-сабак

5. 1. Дәрістің тақырыбы: Қан кету және гемостаз кезінде шұғыл мейірлерлік күтім көрсету.

5. 2. Сабақтың мақсаты:

- Қауіпсіз мейірлерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде ұйымдастыруышылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін жауапкершілікті өзінде басқару ережелерін ұстану.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

- Артериялық қан кетуде мейірлерлік көмек?
- Жедел қан жоғалту дегеніміз не?

Қан кету түрлері

Үлкен артериялар мен тамырларды жарақаттаған кезде өмірге қауіпті қан жоғалтуы мүмкін. Сондықтан мүмкіндігінше тезірек қанды тоқтатып, жедел жәрдем шақыру керек. Тамырларға аздал зақым келсе, қанның уақтылы тоқтатылуы да өте маңызды. Женіл, бірақ үнемі қан жоғалту жағдайында да адам есін жоғалтады.

Дұрыс көрсетілмеген алғашқы көмек жәбірленушіге зиян келтіруі мүмкін, атап айтқанда: үлкен қан жоғалту, жараның инфекциясы және қабынуы.

Егер қан кету өте күшті болмаса, көмек көрсеткеннен кейін шұғыл түрде хирургпен кенесу керек, өйткені қан жоғалтуды жараны өндеп, тігіп болғаннан немесе операция жасағаннан кейін ғана

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 15 беті

тоқтатуға болады. Қан кету қөзіне байланысты гастроэнтеролог, онколог, пульмонолог, гинеколог сияқты мамандандырылған мамандардан кеңес алу қажет болуы мүмкін.

Қысқаша көмек:

- Егер қан кету ауыр болса, жәбірленушіні жатқызып, аяқтарын көтеру керек.
- ЗАҚЫМДАЛҒАН ТАМЫРДЫ ҚЫСУ НЕМЕСЕ АЯҚ-КОЛДЫ ҚАТТЫ БҮГУ НЕМЕСЕ ТУРНИКЕТТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАННЫҢ УАҚЫТША ТОҚТАП ҚАЛУЫ МҮМКІН.
- Дереу жедел жәрдем шақырыңыз.
- Жараны ұстамаңыз, шаймаңыз, одан бөгде заттарды алыш тастаңыз.
- Егер жараның беті ластаңған болса, онда оның жиектері жараның бағытында тазалануы керек, зақымданудың айналасында антисептик қолданылады, мысалы, йод, хлоргексидин, сутегі асқын тотығы, йод жараның ішіне енбеуі керек.

Қан кетудің төрт негізгі түрі

Көзге байланысты қан кетудің келесі негізгі түрлері бөлінеді:

- Артериялардан қан кету үлкен қауіп туғызады, өйткені қан массасының айтарлықтай жоғалуы тез жүреді. Сонымен қатар, қаны қызыл, пульсирлентен субұрқак түрінде болады.
- Егер жәбірленушіге жедел көмек көрсетілмесе, тамырдан қан кету де қауіпті. Бұған жарақаттанған ыдыстан баяу ағып жатқан қара қанның пайда болуы дәлел бола алады.
- Капиллярлық қан жоғалту көбінесе айтарлықтай қауіп тәндірмейді. Ол тері бетінің кішкентай зақымдануымен жиі байқалады.
- Ішкі (паренхималық) - онымен қан адам денесінің қуысына түседі. Уақытша мойындаған жағдайда бұл өте қауіпті. Көбінесе ішкі ағзалардың, соның ішінде паренхиманың зақымдануымен байқалады. Қан ағып кетпейтіндіктен, оны негізінен жиі тыныс алу, әлсіздік және өңсіздік сияқты белгілерге орнатуға болады.

1. Артериялық қан кету кезіндегі алғашқы көмек

Зақымдалған артерияны қанның уақытша тоқтап қалуы үшін дереу оның жанынан өтетін сүйекке басу керек.

Артерияларды қысу әдістері:

- Каротид артериясы - жәбірленушінің мойнының артына алақанды басыңыз және екінші қолдың саусақтарын артерияға басыңыз.
- Брахиальды артерияға оңай қол жеткізуғе болады, оны гумерге қарсы басу керек.
- Субклавиалялық артериядан қан тоқтату өте қыын. Мұны істеу үшін жәбірленушінің қолын артқа тартып, мойын сүйегінің артындағы артерияны бірінші қабырғаға басыңыз.
- Ахиллярлық артерияны қысу үшін саусақтарыңызбен мықтап басу керек, өйткені ол өте терең орналасқан.
- Феморальды артерия өте үлкен, оны аналыққа жұдырықпен басу керек. Егер бұл орындаласа, 2-3 минуттан кейін жәбірленуші қайтыс болуы мүмкін.
- Поплитальды артерияны ұрпақты фоссаға басу керек, ол ерекше күш салуды қажет етпейді. Аяқтың артериясынан қан кету кезінде алғашқы көмек оларды қысып, аяқ-колды қатты бүгіп, турникетті қолдана отырып жасалады. Егер аяқ-колдың тамырларын саусақтармен қысу мүмкін болмаса, бұған дейін ішінен буынға тығыз дәке ролигін орналастырғаннан кейін, қолды мүмкіндігінше майыстыру керек.

Егер қан ағуды жалғастыра берсе, турникет қолданылуы керек. Мұны тез арада қамтамасыз ету керек, өйткені қан өте қарқынды ағып кетеді.

Турникетті қыста жарты сағатқа дейін және жазда бір сағатқа дейін сақтауға болады. Егер дәрігер көрсетілген уақыт ішінде келмеген болса, турникетті ақырын шығарып, қан айналымы қалпына келгенше күтіңіз. Содан кейін оны қайтадан қолданыңыз. Бұл жағдайда зақымдалған аяқтың импульсі сезілмеуі керек. Сонда қан тоқтайды.

Егер турникет дұрыс қолданылмаса, қан кетуден гөрі қауіпті екенін есте ұстаған жөн.

Егер арнайы тартқыш болмаса, оны сұлғімен, белбеу, таңғыш сияқты материалдармен ауыстыруға болады. Олар таяқпен бұралып, бекітілмеуі үшін бекітіледі. Аяқ киім, жінішке арқан

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 16 беті

және ұқсас материалдар пайдаланылмауы керек.

2. Венадан қан кетуге көмектесу

Мұндай қан жоғалту терең зақымданумен жүреді. Веноздық қан кетуге алғашқы көмек дереу жасалады. Жарақаттанған тамырлар ауаны сорып алады, өйткені олардағы қысым атмосфераға қарағанда төмен. Сонымен қатар, ауа көпіршіктері әртүрлі органдардағы тамырларды бітеп тастауы мүмкін, бұл жәбірленушінің өліміне әкелуі мүмкін.

Көмек көрсеткен кезде жараны жууға болмайды, кірден және қан ұйығыштарынан тазарту керек. Сіз келесі әрекеттерді орындауыңыз керек:

- дымқыл шуберекпен тазалаңыз,
- зарарсыз тампонмен жабыңыз,
- содан кейін жараның бетін стерильді таңғыштың бірнеше қабатымен жабыңыз,
- оған қысым жасамайтын таңғышты қойыңыз,
- бұл таңғышты мықтап байлау керек
- таңғыш арқылы қан ағып жатқанда, майлыштарды үстіне қойып, мықтап байлаңыз,
- аяқ-қолды көтеріп, оны осы күйде қалдырыңыз.

Таңғышты дұрыс қолдану үшін сізге:

1. Қолды байлаған кезде, иілу керек.
2. Егер аяғы таңылған болса, оны тізеде де бұту керек.
3. Таңғышты жартылай қолданған кезде алдыңғы бұрылышын жабыңыз.
4. Таңдалған аяқтың орны таңылуға дейін сол күйінде қалуы керек.

3. Капиллярлық қан кету кезіндегі алғашқы көмек

Ол көбінесе өздігінен тоқтайды. Мінезі - жараның бұқіл бетінен қанның баяу ағуы. Дегенмен, айтарлықтай қан жоғалтуымен бірге ауыр жарақаттар бар. Ең үлкен қауіп ішкі капиллярлық қан кету болып табылады.

Капиллярлардан қан кетудің негізгі себептері:

- Қан аурулары, оның коагуляциясының бұзылуымен бірге жүреді.
- Әр түрлі жарақаттар.
- Қан тамырлары аурулары (ісіктер, терінің ірінді қабынуы, капиллярларға әсер етеді).
- Неоплазмалар, атеросклероз, ревматоидты артрит сияқты қан тамырларының қабырғаларына әсер ететін жалпы аурулар.
- Гормоналды бұзылулар.

Көбінесе капиллярлық қан кету үлкен қан жоғалтуға әкелмейді, оның қауіптілігі патогендік микробтармен инфекцияға байланысты.

Аяқтың капиллярларынан қан кетуіне медициналық көмек көрсету кезінде келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Зақымдалған аяқ-қолды жүректің аймағынан жоғары көтеріңіз, бұл қан жоғалтуды азайтуға көмектеседі.
2. Кішкентай жарақаттар үшін жараның айналасындағы теріні антисептикермен емдеу керек. Бактерицидті патч бар жоғарғы.
3. Егер қан құшті ағып кетсе, қысыммен таңу керек.
4. Өте құшті қан кету кезінде аяқтың жарасын мүмкіндігінше бұту керек. Егер бұл көмектеспесе, турникетті қолданыңыз.
5. Жарақатқа сұық жағыңыз, бұл қан жоғалтуды тоқтатуға және ауырсынуды азайтуға көмектеседі.

Мұрынның көптеген капиллярларынан қан кету, бұл өте жиі кездесетін жағдай, сіз де көмектесе аласыз. Мұның себебі сұық тигенде қан тамырларының қабырғаларының әлсіреуі болуы мүмкін. Оған гипертониялық криз, мұрынның жарақаттары және басқа да жағымсыз факторлар әсер етуі мүмкін. Алдымен пациентті сендеру керек, өйткені адам мазасызданып жатқанда, оның жүрегі жиі соғып тұрады, бұл қан кетудің жоғарылауына ықпал етеді.

Мұрынға көмек көрсету кезеңдері:

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 17 беті

1. Мұрынның қанаттарын саусақтарыңызбен қысу керек, бұл қан тамырларын қысып, қан тоқтатуға көмектеседі. Науқастың басын сәл алға және артқа енкейту керек, өйткені қан жоғалту қарқындылығын бақылау мүмкін болмайды.
 2. Суықтың салдарынан тамырлар тарылып кетуі үшін мұрын көпіріне мұз немесе салқын зат салыңыз. Бұл қан кетуді азайтуға көмектеседі.
 3. Егер қан кету жалғасса, мұрын жолдарында бұрын 3% сутегі асқынымен суланған бүктелген құбырлы бинт бөліктерін енгізу керек. Бұл тампондардың ұштарын сыртынан қалдырыңыз және бинтпен бекітіңіз.
 4. Қан тоқтатқаннан кейін алты сағаттан соң, тампондарды абайладап алыңыз, олардың ұштарын сүртіңіз, нәтижесінде пайда болған тромбыты жыртып алмауға тырысыңыз.
 5. Қанды тезірек тоқтату үшін науқасқа қан тамырларының қабыргаларын нығайтатын дәрі-дәрмек беру керек - кальций препараттары, Аскорутин, Рутин.
 6. Егер қан жоғалту жалғасса, науқасқа гемостатикалық дәрі-дәрмектер беру керек (Дицинон, Викасол), жедел түрде отоларингологпен кеңесу керек немесе жедел жәрдем шақыру керек.
4. Ішкі қан кету кезіндегі алғашқы көмек

Мұндай қан кету ішкі ағзаларға ауру немесе жарақат экелуі мүмкін. Бұл өте зиянды, өйткені қан жоғалтууды бақылау мүмкін емес. Сонымен қатар, онымен ауырсыну қауіпті емес, сондықтан ішкі қан кету ұзақ уақытқа байқалмай қалуы мүмкін. Науқастың жағдайы күрт нашарлағанда ғана олар бұған назар аударады.

Қан кетудің ең қауіптісі - бұл паренхималық мүшелерден қанның ағуы, оларда әдетте қуысы жок, және артериялық-веноздық желі жақсы дамыған. Оларға өкпе, ұйқы безі және бауыр сияқты органдар кіреді.

Бұл органдардың зақымдануы қатты қан кетуіне экелуі мүмкін. Ол іс жүзінде өздігінен тоқтай алмайды, өйткені бұл мүшелердің тамырлары ұлпаларда орналасады және олар түсіп кетеді. Сондықтан паренхималық мүшелерден қан кетуге алғашқы көмек деру жасалады. Қан жоғалтуудың бұл түрінің себептері жаракаттар, туберкулез, жұқпалы аурулар, ісіктердің ыдырауы болып табылады.

Ішкі мүшелерден қан кету жалпы субъективті белгілер мен объективті белгілердің біртіндеп пайда болуымен бірге жүруи мүмкін, атап айтқанда:

- әлсіздік
- өзін жайсыз сезінү
- бас айналу
- ессіздік
- бәріне қызығушылықтың болмауы
- ұйқышылдық
- қысымның төмендеуі
- балқу
- жиі импульс.

Ішкі мүшелерден қан кету кезіндегі алғашқы медициналық көмектің негізгі міндеті - науқасты шүғыл госпитализациялау. Жедел жәрдем келгенге дейін:

- Науқасты жатқызыңыз, тыныштықты қамтамасыз етіңіз.
- Асқазанға немесе кеудеге сұық жағыңыз, болжалды қан кету кезінің орналасқан жеріне байланысты.
- Сіз гемостатикалық препараттарды енгізе аласыз (Аминокапропро қышқылы, Викасол).

Гипертониялық криздің клиникалық қөрінісі нысанда-органның зақымдалуымен байланысты, бұл жағдайда организм басқа органдардың зақымдалуының алдын алу үшін артериялық қысымды тез арада түсіруге тырысады. Түрлері:

- Тамырлық- жалпы перифериялық қарсыласудың жоғарлауының нәтижесінде вазомоторлы (нейрогуморальды эсер) және базальды натрийдың ұсталуы артериолалар тонусының жоғарлауына әкеледі
- артериолалардың вазомоторлы және базальді тонусының нәтижесінде жалпы перифериялық қарсы тұрудың жоғарлауы;
- Кардиальды – жүрек лақтырысының жоғарлауының нәтижесінде миокардтың жиырылғыштығы, жүректің жиырылу жиілігі, циркуляциялық қан көлемінің жоғарлауына әкеледі.
- Көлемдік- тамыр ішілік сұйықтық көлемінің ұлғаюына әкеледі.

Гипертензиялық криз белгілері:

- Гипертониялық криз артериялық қысымның кез келген дәрежесінде немесе симптоматикалық артериялық гипертензия кезінде дамуы мүмкін. Кей кезде гипертониялық криз дені сау адамда да пайда болуы мүмкін. Криздік жағдайға себепкөр факторлар:

- Шектен тыс жүктемелер;
- Ая райы өзгерісі;
- Кофе, алкогольді сусындарды көп пайдалану;
- Гормональды бұзылыстар;
- Бұрын қабылдаған гипотензивті препараттарды қабылдауды тоқтату;
- Ми (инфсульт), жүрек (миокард инфарктісі, стенокардия ұстамасы), бұйрек аурулары.
- Бірнеше минут немесе 1-3 сағатта кенеттен пайда болуы;
- Артериялық қан қысымы деңгейіндегі индивидуалды турде жоғары (бір науқаста ол деңгей – 240/120, басқасында – 130/90). Ол бастапқы артериялық қысымның деңгейіне байланысты. Егер

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 34 беті

пациенттің қан қысымы әрдайым төмен болса, оның сәл көтерілуінің өзі гипертониялық криз тудыруы мүмкін.

- Жүрек жағынан шағымдардың болуы (жүрек тұсы ауруы, жүрек соғысы);
- Ми жағынан шағымдардың болуы (бас айнклуы, бас ауруы, көрудің әр түрлі бұзылыстары);
- Вегетативті нерв жүйесі жағынан шағымдардың болуы (діріл, тоңу, терлеу, басқа қан құйылу сезімі, ауа жетпеу сезімі және т.б.)

Бірінші типті гипертониялық криз нейровегетативті көріністерімен сипатталады. Криз ұзақтығы бірнеше минуттан, бірнеше минутқа дейін созылуы мүмкін. Науқаста бет гиперемиясы, теріде қызыл дақтар, терлегіштік байқалады. Сырттай науқастар қозғыш, мазасыз, бас ауруына, дене қызуына, дененің барлық аумағындағы дерілдер, көз алдындағы тұманға шағымданады.

Біріншілік типті кризде науқаста көбінесе систолиялық қан қысымы көтеріліп, гиперкинетикалық қан айналым түрі байқалады.

Екіншілік гипертенциялық криз бірнеше сағаттан бастап, бірнеше күнге дейін созылуы мүмкін. Науқастар әлсіз, тежелген (вялый). Бас ауруына, бас айналуына, әлсіздікке шағымданады. Ауыр түрде гипертониялық энцефалопатия дамиды. Гипертониялық энцефалопатияда бастың қатты ауруы, көрудің бұзылуы соқырлыққа дейін жетуі мүмкін, лоқсу, құсу, естің бұзылуы комаға дейін жетуі мүмкін.

Екінші типті криз кезінде қан айналымың гипокинетикалық түрі көрініс береді.

- **Асқынбаған криз** – «нысана-мүшениң» зақымдалуысыз болады. Алайда бұл криз бәрібір науқас өміріне қауіп төндіреді. Артериялық қысымды бірнеше сағат ішінде төмендету керек.
- **Асқынған криз** – «нысана-мүшениң» зақымдалуымен жүреді. Нысана-мүшелер – осы ауру кезінде азды, көпті зақымдалатын мүшелер. Артериялық гипертензияда олар – жүрек, ми, қан тамырлары, бүйректер. Мұндай криз ауру өміріне қауіп тудырады және тез арада 1 сағаттың ішінде артериялық қысымды төмендетуді талап етеді. Бұл криздің ұзак уақыт болуынан жүрек жағынан (миокард инфарктісі, жедел сол жақ қарынша жетіспеушілігі, тұрақты емес стенокардия, аритмия), қан тамырлар жағынан (қолқаның қабатталған аневризмасы, қан кетулер), ми жағынан (инфсульт, транзиторлы ишемиялық шабуыл, жедел гипертониялық энцефалопатия), бүйрек жағынан (жедел бүйрек жетіспеушілігі) көптеген асқынулар болуы мүмкін.

Медициналық көмек көрсету тактикасы

Мақсаты: Өмірге маңызды функцияларды стабилизациялау.

Асқынбаған гипертензивті криз:

1. Науқас қалпы – басын жоғары көтеру
2. АҚ әрбір 15 минут сайын бағалау.
3. АҚ біртіндеп алдынғыдан 15-25% төмендету
4. Пероральді гипотензивті дәрілік заттарды қолдану (бір препараттан бастау): нифедипин, каптоприл, пропранолол, бисопролол, метопролол).
5. Бас миының перифериялық тамыр қарсыласуды төмендету және стабилизациялау - винкамин 30 мг

Антагипертензивті терапияны парентералді заттармен жүргізеді;

АҚ төмендету (15- 20% бастапқысынан алғашқы сағатта, кейін 2- 6 сағ 160 және 100 мм.сын.бағ. (пероралді заттарға қөшуге болады).

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Жүрек соғысы тоқтауының негізгі белгісі:

А. -ұйқы артериясында тамыр соғысынның болмауы

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 35 беті

- B. -өздігінен тыныс алуының болмауы
 C. -көз қарашығының ұлғайуы
 D. -есінің болмауы
 E. -білек артериясында тамыр соғысынның болмауы
2. Гипогликемиялық кома кезіндегі шұғыл көмек ... енгізу.
 A. -глюкозаны көк тамырға
 B. -инсулинді тері астына
 C. -дибазолды көк тамырға
 D. -гепаринді көк тамырға
 E. -физиологиялық ерітіндіні көк тамырға
3. Инфекциялық– токсикалық шокпен науқасты ... тасымалдау керек.
 A. -артериалды қан қысымын қалпына келтіріп
 B. -дene қызы қалпына келтіріп
 C. -тырысуға қарсы дәрі-дәрмекті енгізіп
 D. -кортикостероидты гормондарды енгізіп
 E. -антибиотиктерді енгізіп
4. Сыныққа тән белгі:
 A. -сүйек сықыры
 B. -терінің көгеруі
 C. -ісіну
 D. -аяқ-қол қозғалысының шектелуі
 E. -ауырсыну
5. Мойын омыртқасы зақымданғанда транспорттық иммобилизация ретінде ... қолданылады.
 A. -мақта-дәкелік Дельбе жағасы
 B. -Крамер шендеуіші
 C. -Дитерихса құрсауы
 D. -айқасқан байламы
 E. -«Тақия» байламы
6. Бас сүйегінің негізі сынғандағы көрініс:
 A. -қан кету, мұрыннан және құлақтан ликвордың ағуы
 B. -қабақтың ісінуі
 C. -тері асты әмфиземасы
 D. -көрудің қосарлануы
 E. -тепе-тендіктің бұзылысы
7. Ішкі қан кетудің негізгі белгілеріне ... тән.
 A. -тері қабатының бозғылттығы
 B. -дene қызының жоғарылауы
 C. -терінің қызаруы
 D. -брадикардия
 E. -артерияның қан қысымының жоғарылауы
8. Жылан шаққан кезде бірінші кезекте ... керек.
 A. -тістеген жерге суық басып, иммобилизациялау, жәбірленушіні емдеу мекемесіне тасымалдау
 B. -жылан тістеген жерді тіліп, банканы қолдану арқылы уды сорып алып, тасымалдау
 C. -уды сорып шығарып тастап, жәбірленушіні үйде қалдыру
 D. -екі үлкен саусақпен жылан тістеген жерді сығып тастау
 E. -жылан тістеген жерді тіліп, улы қанды сыртқа ағызып жіберу
9. Кез-келген жастағы балаларда температуралы түсіру үшін қолданылатын қауіпсіз дәрі ... болып табылады.
 A. -парацетамол

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 36 беті

- B. -салицилаттар
- C. -анальгин
- D. -амиодирин
- E. -димедрол

10. Зақымданған адам арқасымен жатыр, көзі жұмұлы, тынысы қындаған, сирек, тері және шырышты қабықтары бозарыңқы, екі тізесі де зақымданған, көптеген кансыраған жаралар байқалады, екі тізесінің буындары сыртқа бұрылған, тамыр соғысы әлсіз пальпацияланады, жи. Осы кезеңінде дәрігерге дейінгі бірінші кезектегі жасалынатын шара:

- A. бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
- B. тері астынан анатоксин енгізу
- C. дәрі енгізу
- D. қолдағы затпен иммобилизациялау
- E. жатқан жайда ошақтан эвакуациялау

Ситуациялық есеп

Облыстық аурухананың терапия бөліміне 50 жастағы науқас желке аймағындағы қатты бас ауруы, құсу, көз алдында шыбындардың жыпылықтауы туралы шағымдармен түсті. Жағдайдың нашарлауы стресстік жағдаймен байланысты.

Объективті: жағдайы ауыр, қозған, бет терісі гиперемияланған, импульсі 100 уд. мин., **ритакты, кернеулі, қан қысымы 220/110 мм сын.бағ. ст.**

Тапсырма:

1. Науқастың жағдайын анықтаңыз және негізденіз.
2. М / с әрекет алгоритмін жасаңыз.
3. 2% диазол ерітіндісін, 2 мл бұлшықет ішіне енгізу техникасын көрсетіңіз.

9-сабак

5.1. Дәрістің тақырыбы:

Аллергиялық реакциялар кезіндегі шұғыл мейірлерлік күтім.

Анафилактикалық шок.

5. 2. Сабактың мақсаты:

- Қауіпсіз мейірлерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде ұйымдастырушылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметке шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

1.6. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

- 1) Аллергиялық реакциялар
- 2) Анафилактикалық шок кезіндегі шұғыл көмек?

Аллергия – иммундық жауабының үлгісі, ол әр түрлі құрамдағы бөлігінде заттарға ағзаның жоғары ерекше сезімталдығының дамуынан пайда болады және осы заттармен аллергияны қоздыруыш зат аллергендер деп аталады. Аллергияның патогенезін, диагностикасын, алдын-алу және емін аллергология зерттейді.

Аллергиялық реакциялар түрлері:

– тері, теріасты шел қабаты және шырышты қабаттардың айқын ісінуімен мінезделетін жедел аллергиялық ауру

Квинке ісінуі көп жағдайда бетте, мойында және дененің жоғары бөлігінде, қол және аяқ басының сыртқы жағында кездеседі

Сирек жағдайда Квинке ісінуі ми қабықтарын, буындарды және ішкі мүшелерді зақымдайды.

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 37 беті

Бет, алақанның сыртқы беті, мойын, аяқ басының сыртқы беті тіндерінің жедел дамитын ісінуі. Исіну аймағында тері түсі бозғылттанады. Исіну қышыну сезімсіз, бірнеше сағат немесе бірнеше күнде ізсіз жоғалады.

Ең қауіпті түрі – жұтқыншақ, көмей, кенірдек ісінуі (әр төртінші науқаста). Кенеттен мазасыздық, тыныстың қындауы дамиды, сана бұзылуы мүмкін. Жұмсақ таңдай және таңдай догашықтары ісінеді, аңқа өзегі тарылады. Науқас тұншығудан қайтыс болуы мүмкін.

Ішкі мүшелердің Квинке ісінуі іштегі қатты ауру сезімімен, іш өту, құсумен көрінеді.

Шұғыл қомек

Көмей ісінуі кезінде шұғыл түрде тері астына 0,1%- 1,0 адреналин ерітіндісін енгізу қажет; Көктамырға немесе бұлшық етке антигистаминді дәрілер (димедрол, супрастин, тавегил) енгізіледі, гидрокортизон (125 мг) немесе преднизолон (60 — 90 мг)

Ұлғалды оттегімен тыныс алдыру

Диуретиктер енгізу: фуросемид (к/т немесе б/е 1% ерітіндісі 1—2 мл), 15% маннит ерітіндісі (к/т ағызып немесе баюу тамшылатып 1,5 г/кг дene салмағына есебі бойынша)

Науқастың жағдайы нашарлай түссе шұғыл коникотомия жасау көрсетілген

Интенсивті терапия немесе реанимация бөліміне шұғыл тасымалдау

Тағамдық аллергия: - адамның тамаққа жоғары сезімталдығының көріністері, иммунды жүйедегі бұзылыстарға байланысты — белгілі тағамға қары ағзада антиденелер (реагиндер) және иммунды жасушалар өндірілуі

Тағамдық аллергия түрлері әр алуан, бірақ ең жиі кездесетіндері әртүрлі экзантемалар, нейродермит, есекжем, Квинке ісінуі.

Тағамдық аллергия абдоминальды және диспепсиялық синдромдармен көрінуі мүмкін, жиі – респираторлы аллергоз симптомдарымен, талмалық жағдай түріндегі жалпы реакциямен, шеткери қандағы өзгерістермен көрінуі мүмкін (тромбоцитопениялық және лейкопениялық реакциялар), бірлескен тері-респираторлы реакциялармен өтуі мүмкін, бұларға кең спектрлі тағамдық және өндірістік ингаляциялық аллергендерге полиаллергия тән.

Аллергия симптомдары өте тез немесе тағамды жегеннен кейін 2 сағат ішінде дамиды.

Шұғыл қомек:

- Себептік аллергенді алып тастау
- Гипоаллергенді емдәм
- Антигистаминді дәрілер (супрастин, тавегил) курспен 2 аптаға дейін 5-7 күннен кейін дәрілерді алмастыра отырып
- Антимидаиторлық әсерлі дәрілер (интал 100 – 150 мг/кг тәулігіне ішке, задитен 0,025 мг/кг тәулігіне курспен 1,5 айдан 6 айға дейін)

Созылмалы аллергодерматоздар кезінде гистаглобулин қолданады, тек ремиссия кезеңінде тағайындалады, сонымен қатар аллергоглобулин (қорғаныш антиаллергиялық заттары бар гамма-глобулин) қолданылады.

Анафилактикалық шок - организмге аллерген енген жағдайда бірден дамитын аллергиялық реакция нәтижесінде пайда болатын өмірге қауіпті патологиялық процесс және қан айналымы, тыныс алу, орталық жүйке жүйесінің ауыр бұзылыстарымен сипатталады.

Мұндай кезде ауру кенеттен басталады. Құлдіреуітердің пішіні мен көлемі әр түрлі, түсі ашық қызығыт, ортасы ақ. Көп жағдайда құлдіреуік бірнеше сағаттан кейін ешқандай із қалдырмай өзінен-өзі басылады. Кейде ауру ұзаққа созылып, науқастың қызыу көтеріліп, мазасы кетеді. Көмейдің кілегей қабығында бөртпе болғанда адам жөтеліп, тұншығады. Емді дәрігер тағайындейді. Ауырған адамға сүт, өсімдік тағамдары беріледі, өсіресе, аллергия тудыратын тағамдарды, ашы және сүрленген тағамдарды жеуге болмайды. Қышыманы басу үшін салқын компресс, жылы ванна қолданады, теріге спирттік ерітінділер (қырмызығул, 2%-тік салицил, арак, т.б.) жағады. Тамақтың немесе дәрі-дәрмектің әсерінен болған Есекжемде ең алдымен клизмамен ішті тазалап, көп мөлшерде су ішкізеді

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 38 беті

Торпидтік кезеңді 3 дәрежеге бөледі:

I дәрежелі шок. Компенсирующий, вазоконстрикция базисом. Жалпы жағдайы ауыр, тері жабындары бозарған, еріннің, тырнақ фалангаларының цианозы, тыныс алуы беткей, гипотермия белгілері, орталық жүйке жүйесі жағынан әлсіздік, реакциясы баяулаған, қарашықтардың тарылуы. Кардиоваскулярлы белгілері: артериалдық қысым біраз төмендеген немесе қалыпты, тамыр соғысы баяулаған.

II дәрежелі шок. Субкомпенсирующий, вазодилатация базисом. Жағдайы өте ауыр, цианоз өршиді (кең жайылған цианоз), тыныс алуы жиі, беткейлі, гипотермия, шөлдеу, олигоанурея. Церебралды синдром: есептеген, қарашықтары кеңейген, жарыққа реакциясы баяулаған. Кардиоваскулярлы синдром: жүрек тондары түйікталған, гипотония, тахикардия, экстрасистолия. Қанда метаболикалық ацидоз, гипокалиемия, гипоксия.

III дәрежелі шок. Декомпенсирующий, вазотония базисом. Жағдайы өте ауыр, тараған цианоз, гипотермия, тыныс алуы беткей, жиі Чейн-Стокс тынысы түрінде, анурея. Церебралды синдром: есі жоқ, адінамия, қарашықтары кеңейген, жарыққа реакциясы жоқ, сезімталдық жойылған. Кардиоваскулярлы синдром: тамыр соғысы анықталмайды немесе жіп тәрізді, систоликалық артериалдық қысым 50 ммсынбағ-нан төмен, жүрек тондары түйік, аритмия. Қанда айқын метаболикалық ацидоз, ауыр гипоксемия.

Анафилактикалық шоктың емдеу алгоритмі

Шұғыл көмек:

1. Науқасты Тренделенбург қалпына келтіру: аяқ басын көтерген күйде, басын бүйіріне қаратып, тілін артқа кетуінің алдын алу үшін, асфиксия, құсық массалары мен аспирация болдырмау үшін төменгі жақты алға тарту, таза ауаның келуін қаматамасыз ету. Оксигенотерапия жүргізу.

2. Ағзаға аллергендердің ары қарай түсүн тоқтату:
а) аллергендерді парентеральды енгізу:

— аллерген енгізген жердің жоғарғы болігіне артерияны қыспайтын етіп, 30 минутқа жгут салу (әр 10 минут сайын жгутты бір-екі минутқа босатып отыру қажет);

— «крест тәрізді» инъекция орнына (шағу) 0,18 % эпинефрин ертіндісін 0,5 мл (мүмкіндігінше к\т-ға – гипоперфузия!) 5,0 мл изотониялық ертінді натрий хлориді 5,0 мл және мұз қояды (бірінші емдік тағайындау!).

б) аллергендерді медикаменттерді мұрын қуысына тамшылату және коньюктиваны сумен жуу керек.

в) аллергендерді пероральды қабылдағанда науқастың жағдайы көтерсе ақсазанды жуу керек.

Шокка қарсы іс-шаралар:

а) бұлшық етке тез арада егу:

— 0,18 % эпинефрин ертіндісі 0,3 – 0,5 мл (1,0 мл-ден аспау керек). Эпинефринді қайталап енгізу аралығы 5 - 20 минут, АҚ бақылау;

— антигистаминді препараттар: 1% дифенгидрамин ертіндісі 1,0 мл-ден аспау керек (өршіген үрдісті ары қарай болдырмау). Пипольфен қабылдауға қарсы көрсеткіш айқын гипотензивті әсер!

б) инфузионды терапия 0,9% натрий хлориді ертіндісі 1 литрден аз болмау керек. Қан тамыр ішілік көлемді қайта қалпына келтіру үшін. Алғашқы 10 минут ішінде гемодинамика тұрақтылығы жойылғанда шоктың ауырлығына байланысты қайталап коллоидты ерітінді (пентакрахмал) 1-4 мл/кг/мин енгіземіз. Инфузионды терапия жылдамдығы және көлемі АҚ жоғарылауымен, ЦВД жоғарылауымен және науқастың жағдайының жақсаруымен анықталады. Аллергияға қарсы ем: к\тамырға преднизолон 90-150 мг струйно.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1.Инфекциялық– токсикалық шокпен науқасты ...тасымалдау керек.

А. -артериалды қан қысымын қалпына келтіріп

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 39 беті

- B. -дене қызыу қалпына келтіріп
 C. -тырысуға қарсы дәрі-дәрмекті енгізіп
 D. -кортикостероидты гормондарды енгізіп
 E. -антибиотиктерді енгізіп
2. Тез ағымды анафилактикалық шоктың түрінде мейірбikenің іс-әрекеті:
- A. -көк тамырға адреналинді енгізу
 B. -бұрауды инъекция орнынан жоғары салу
 C. -бұлышық етке димедролды енгізу
 D. -инекция жасалған жердің айналасына адреналинді енгізу
 E. -өкпені жасанды желдету
3. Ылғалдандырылған оттегіні мұрын катетерімен берудің ұзақтығы...минут.
- A. -40-60
 B. -10-20
 C. -20-30
 D. -30-40
 E. -60-80
4. Анафилактикалық шок кезінде алғашқы дәрігерге дейінгі көмектегі жедел жәрдемде мына дәрілерді енгізу болып табылады:
- A. -адреналиндер
 B. -глюкокортикоидтар
 C. -антигистаминді дәрілер
 D. -сары су
 E. -глюкоза
5. Эпилепсиялық ұстама кезінде бірінші кезекте:
- A. -асфиксияны болдырмау
 B. -объективті тексеру жүргізу
 C. -тілді тістеп қалмауды қадағалау
 D. -тырысуды болдырмау
 E. -тыныштандыратын дәріні енгізу
6. Бүйрек ұстамасы кезіндегі жедел көмек
- A. -но-шпаны енгізу
 B. -преднизолонды енгізу
 C. -дибазолды енгізу
 D. -лазиксті енгізу
 E. -кетоналды енгізу
7. Улану түрлеріне байланыссыз, психозды басу үшін ... енгізеді.
- A. -нейролептиктер
 B. -анальгетиктер
 C. -кортикостероидтар
 D. -инсулин
 E. -антигистаминдер
8. Укус қышқылын ішкен науқасқа ауруханаға дейінгі алғашқы дәрігерлік көмек көрсету:
- A. -ауырсынуды басу, сонынан асқазанды зонд арқылы көп мөлшерлі сумен жуу
 B. -спазмолитиктер енгізу
 C. -асқазанды зонд арқылы көп мөлшерлі 2%-ды ас содасымен жуу
 D. -асқазанды зонд арқылы жумай, көп мөлшерде сілтілік ерітінді ішкізу
 E. -сүйиқтық ішкеннен соң құсық шақыру
9. Жарақаттанушы жеңіл көлік астында жатыр, есі анық. Білектің ашық сынығы анықталады, жарақаттан атқылап ал қызыл қан ағуда. Сіздің алғашқы көмегіңіз:
- A. -қан кетуді тоқтату

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 40 беті

- B. -айналадағылардың көмегімен көліктің астынан жарақаттанушыны алып шығу
- C. -жедел жәрдем көлігін күте отырып, жарақаттанушыны бақылап отыру
- D. -жедел жәрдем көлігі келгенше, жарақаттанушының анамнезін жинау
- E. -мұсәтір спиртін иіскету

10. Өкпеден қан кеткенде шұғыл көмек:

- A. -аминокапрон қышқылы, дици non
- B. -гепарин, дигазол
- C. -ацетилсалациил қышқылы, реопирин
- D. -супрастин, пипольфен
- E. -аналгин, димедрол

Ситуациялық есеп

Науқас тісті жұлу мақсатында стоматологиялық емхананың хирургиялық кабинетінің тіс дәрігеріне жүгінді. Анамнезден науқастың пенициллин инъекциясына аллергиялық реакциясы болғандығы анықталды.

Науқасқа 2% новокайн ерітіндісімен анестезия жасалды. 3-5 минуттан кейін науқастың жағдайы нашарлады.

Объективті деректер: айқын бозару, цианоз, қатты тер, тахикардия, қан қысымы құрт төмендеді; қышу сезімі, бет терісінің қышуы, қорқыныш сезімі, төс сүйегінің артындағы ауырлық сезімі және тыныс алушың қындауы пайда болды.

Тапсырма:

1. Науқастың төтенше жағдайын анықтаңыз.
2. Жедел жәрдем алгоритмін жасаңыз.
3. Қан қысымын өлшеу техникасын көрсетіңіз.

10- сабак

5.1. Дәрістің тақырыбы: Естен тану және коллапс кезіндегі шұғыл мейіргерлік күтім.

5. 2. Сабактың мақсаты:

- Қауіпсіз мейіргерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде ұйымдастыруышылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметке шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

1. Коллапс
2. Естен тану кезіндегі шұғыл көмек?

Естен тану (синкопе) – жедел тамыр жетіспеушілік, бас миының өтпелі ишемиясынан туыннатқан кенеттен қысқа мерзімге есін жоғалтумен сипатталады.

Себептері:

- Қарыншалық тахикардия
- Аорталды стеноз
- Вазовагальды (артериалды гипотензия, ыстық бөлмеде болу, қорқу, психоэмоционалдық жағдайлар, ауырсыну синдромы
- Ортостатикалық гипотензия - горизонталды жағдайдан тез тік жағдайға ауысқанда кездеседі. Себептері: ұзақ тәсек режимі, дене температурасының жоғарылауы, қоршаған ортанның температурасының жоғарылауы, жүктілік, ағзаның тез дегидратациясы, ОЖЖ ісіктері)

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттін 41 беті

· Жағдайлық естен тану (зэр бөлуде, дефекация актінде, ж.өтеле ұстамасында ж.т.б.)
 Себепші факторлар: қорку, үрей, қаннан қорку, интенсивті ауырсыну синдромы, алкоголь қолдану, үйқы қанбау, ыстық бөлмеде болу.

Клиникалық белгілері: Естен тану бірнеше секундтан 3 – 5 минутқа созылады.

Әлсіздік, көз алдында қарауыту, құлағында шу, жүрек айну, ауа жетпеу сезімі.

Қарағанда: терісі боз, салқын тер, әлсіз тамыр соққысы, гипотония, беткей сирек тыныс.

Жедел жәрдем:

- Науқасты көлденен, жастықсыз жатқызып, керуеттың аяқ бөлігін көтеру
- Қысып тұрған киімдерін босату
- Таза ауамен қамтамасыз ету
- Науқастың бетіне және қеудесіне су бүркіп, сұық суға батырылған алақандармен (сұлгімен) бетінен шапалақтау.
- науқастың мұрнына мұсәтір спирті сіңген мақтаны іскету.

АҚ төмендеген жағдайда:

Мезатона 1% раствор 0,5 - 1 мл в/м немесе т/а

Брадикардияда: атропин 0,1% - 0,5 – 1мл т/а

Коллапс- Коллапс жедел тамырлық жеткіліксіздігі, тамыр тонусының төмендеуімен, бас ми гипоксия белгілерімен және организмнің өмірге маңызды қызметтерінің төмендеуімен сипатталатын ауру.

Коллапс кез келген жағдайда әр түрлі инфекция (вирус, бактерия), улану (әсіресе сузызданумен байқалатын) гипер және гипогликемиялық комалар, бүйрек үсті безі қызметі жеткіліксіздігінен, пневмония, әртүрлі аурудың, уланудың терминалды сатысында пайда болады.

Коллапс кезінде АҚҚ төмендейді.

Клиникалық көрінісі. Науқастың жалпы жағдайы ауырлайды, бозарады, сұық тер басады, еріннің көгеруі, дene температурасы төмендейді, есі кейде сопорозды қүйде, кей жағдайда естен тану байқалады, тынысы жиіледі, тахикардия, жүректе қүшейген шапалақ тондарын, веналық қан қысымы төмендейді, АҚҚ төмендейді осыдан аурудың ауырлық дәрежесін анықтауға болады.

Жедел жәрдем:

- Науқасты көлденен, жастықсыз жатқызып, керуеттың аяқ бөлігін көтеру
- Қысып тұрған киімдерін босату
- Таза ауамен қамтамасыз ету
- Науқасты жылдыту: айналасына ыстық мүйік қою
- Мезатон 1% раствор 0,5 - 1 мл в/м немесе т/а (адреномиметик –тамырларды тарылтады) Ауруханаға жеткізу.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. 28 жастағы науқас А. үйінде ауыр жағдайда табылды. Шағымдары: басының самай бөлігінің қатты ауырсынуы, басы айналуы, жүрек айнуы, құсуы, ентігіп ауа жетіспеуі. Науқастың айтуы бойынша осы жағдай жұмыс орнындағы от жағатын жүйенің ақаулары салдарынан кейін дамығанын айтады. Науқаста дамыған шүғыл жағдайды анықтаңыз:

- A. -көмір қышқыл газымен улану
- B. -алкоголь сурагатымен улану
- C. -гипертония
- D. -гипотония
- E. -тамақпен улану

2. Көшеден табылған науқас ессіз жағдайда. Ауызынан арақтың иісі шығады, бұлшықет тонусы төмендеген. Сөзге жауап қайтармайды. Бірінші кезектегі көмек:

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 42 беті

- A. -асқазанды шаю керек
 B. -оксигенотерапия жасау
 C. -антидот енгізу
 D. -дезинтоксикационды терапия
 E. -жасанды дем беру
3. Қанды көрген кезде науқас талып қалғанда орындалатын іс әрекет:
 A. -мұсәтір спиртті мақтаны іскеуге беру
 B. -басын көтеріп жатқызу
 C. -науқасты горизонтальды жатқызу
 D. -таза ауамен қамтамасыз ету
 E. -тілдің астына нитроглициринді салу
4. 30 жастағы әйел жерде ессіз жатыр. Тері қабаты сұр, цианозды. Жағы тырысқан, басы артқа шалқайған. Аяқ- қолы жартылай бүтілген, бұлшық еті тырысқан. Көз қараышы екі жақтан кеңейген, жарыққа әсері жоқ. Қарағаннан кейін бірнеше секундтан соң, екі жақты бет бұлшық еті және аяқ-қолдың дірілі байқалады. Ауыздан қызғылт көпіршік ақты. Болжамды диагноз:
 A. -қояншық ұстамасы
 B. -агональді жағдай
 C. -клиникалық өлім
 D. -истерия ұстамасы
 E. -кома
5. Естен танған науқасқа жәрдем көрсеткенде...қалыпын беру керек.
 A. -аяқты көтерумен горизонтальды
 B. -аяқтар бастан төмендеген
 C. -жартылай отыру
 D. -вертикальды
 E. –горизонтальды
6. Зақымданған адам жерде отыр, жағдайы орташа, сирағының ортасындағы жараны көрсетеді. Жарасы терең, беттері тегіс емес, онда жер түйіршіктері және киім үзіктері көрінеді. Жарадан қошқыл түсті қан ағады. Бірінші кезектегі жасалынатын шара:
 A. жараны біріншілік өндөу
 B. қан қысымын өлшеу
 C. жатқан жайда ошақтан эвакуациялау
 D. асептикалық басатын таңғыш салу
 E. бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
7. Зақымданған адам арқасымен жатыр, көзі жұмұлы, тынысы қындаған, сирек, тері және шырышты қабықтары бозарынқы, екі тізесі де зақымданған, көптеген кансыраған жаралар байқалады, екі тізесінің буындары сыртқа бұрылған, тамыр соғысы әлсіз пальпацияланады, жиі. Кенет көз алдыңызда жаралы адамның тынысы тоқтады. Дәрігерге дейінгі жасалынатын шара:
 A. жүрек- өкпе реанимациясын жүргізу
 B. қолда затпен иммобилизациялау
 C. бұлшық ет ішіне анальгетиктерді егу
 D. тері астынан анатоксиян енгізу
 E. жатқан жайда ошақтан эвакуациялау
- 8.28 жастағы науқас А. үйінде ауыр жағдайда табылды. Шағымдары: басының самай бөлігінің қатты ауырсынуы, басы айналуы, жүрек айнуы, құсуы, ентігіп ауа жетіспеуі. Науқастың айтуы бойынша осы жағдай жұмыс орнындағы от жағатын жүйенің ақаулары салдарынан кейін дамығанын айтады. Емдік шараларды бірінші кезекте бастауға болады:
 A. науқасты таза ауаға шығару
 B. өкпені жасанды желдендіру
 C. науқасты тасымалдау

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 43 беті

- D. науқасты ауруханаға жатқызу
 E. өкпе-жүрек реанимациясын жүргізу

9. Егер электр тоғының сымы жерде жатқанда, электрмен жарақаттанған науқасқа қорғаныс құралдарының ... жақындауга болады.

- A. табанды жерден алмай, жылжып
 B. жүгіріп
 C. тез жүріп
 D. үлкен адыммен, секіріп
 E. қадамдаш жүріп

10. Зардап шегуші қозғалыссыз, сыртқы жағдайға назар аудармайды. Тынысы және білек артериясының тамыр соғысы жоқ. Үйқы артериясында тамыр соғысы әлсіз байқалады. Жоғарғы тыныс жолдарын ашу мақсатында Сафардың үштік әдісін қолдана отырып, тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте... .

- A. астыңғы жағын алға жылжытып аузын ашу керек
 B. басын биіктегіп ұстау керек
 C. басын артқа шалқайту керек
 D. жәбірленушінің ауыз қуысын қарап, тазалау керек
 E. ауа өткізгіш түтікше қою керек

Ситуациялық есеп

12 жастағы қызда тамырдан қан алу кезінде бозару, тершеңдік, оқушылардың кеңеюі байқалады. Содан кейін сананың жоғалуы.

Тапсырма:

- Науқастың төтенше жағдайын анықтаңыз.
- Дәрігерге дейінгі көмек алгоритмін жасаңыз.
- Тері астына инъекция техникасын көрсетіңіз.

11-сабак

5.1. Дәрістің тақырыбы: Ми қанайналымының жедел бұзылыстарында көмек көрсетудің принциптері.

5. 2. Сабактың мақсаты:

- Қауіпсіз мейіргерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейіргерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде үйымдастырушылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметке шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

- Ми қан айналым бұзылысы
- Ишемия кезіндегі алғашқы көмек?

Ми қан айналымы бұзылуының екі түрі бар:

Ишемиялық – қан тамырының бітелуі. Көп жағдайда бұл жүректен шыққан тромб немесе атеросклеротикалық түйнек. Қан тамырындағы жарықшақ жабылып, қан түспеген соң, қорек жетпеген бас миының бөлігі өліп қалады.

Геморрагиялық – қан тамырының жарылуы. Соның салдарынан бас миына қан кетіп, бұл да бас миының бір бөлігінің өліп қалуына алып келеді.

Екі жағдайда да ауру үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан шұғыл түрде дәрігерге жүгініп, жедел

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 44 беті

жәрдем шақыру керек.

Ми қан айналымы бұзылуының себептері: Бұл қауіпті аурудың себебі өте көп боулы мүмкін. Соның ішінде денсаулығында мынандай кінәраты бар адамдар қаупі жоғары топқа кіреді:

- A. гипертония;
- B. жүректің ишемиялық ауруы;
- C. қант диабеті;
- D. атеросклероз;
- E. артық салмақ.

Сонымен қатар науқастың үнемі күйзелісте болуы да ми қан айналымының бұзылуына әкеліп соғады.

Диагностикалық мүмкіндіктер

Цереброваскулярық бұзылысты емдеу жәбірленушіге қандай диагноз қойылатынына байланысты. Патологияның өткір түрінде адамға шұғыл көмек көрсетіледі, содан кейін ол тексеріледі. Диагностика келесі зерттеулерді қамтиды:

1. Холестерин, глюкоза үшін қан сынағы.
2. Коагулограмма.
3. Қан қысымының өзгеруін күнделікті бақылау,
4. MMSE шкаласы арқылы нейропсихологиялық тестілеу.
5. Жатыр мойны аймағының рентгенографиясы, өйткені остеохондроз созылмалы немесе жедел цереброваскулярық бұзылыстарды тудыруы мүмкін.
6. Тәбе түбін зерттеу.
7. МРТ немесе КТ. Ұсынылған зерттеулер жүйке жүйесінің, қан тамырларының проблемалық аймақтарын табуға көмектеседі. Қабаттарда тек қатты емес, жұмсақ тіндер де қарастырылады. Томография ми құрылымдарының зақымдалуын ерте кезенде анықтауға мүмкіндік береді.
8. Ми тамырларының ангиографиясы.
9. Контрастты затпен доплерографиялық ультрадыбыстық. Зерттеу қан ағымы баяулаған аймақтарды анықтайды.
10. ЭКГ. Мұндай зерттеу міндетті емес.
11. Электроэнцефалография (өткізгіштікпен анықталады жүйке импульстары).

Цереброваскулярық бұзылыс белгілері анықталса, дереу дәрігерге қаралу керек. Ол ағзаның жұмысын қалыпқа келтіру, мүгедектікке жол бермеу және өмір сұру сапасын жақсарту үшін ем тағайындаиды.

Жәбірленушіге алғашқы көмек

Жедел жағдайда қан айналымы бұзылған жағдайда зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету керек. Бұл негұрлым тезірек жасалса, қалпына келтіру мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Алдымен қан айналымының бұзылуының жедел екенін анықтау керек. Ол үшін жәбірленушіден күлімсіреп, екі қолын алға көтеріп, атын айтуын сұраңыз. Инсульт болған жағдайда ол мұны істей алмайды. Содан кейін болжамды диагнозды нақтылау үшін жедел жәрдем шақырылады.

Дәрігерлер келгенге дейін ауаны қамтамасыз ету үшін адамнан барлық тар кимдерді шешіп алу керек. Адам көлденең күйде болуы керек. Науқастың импульсін және тыныс алуын үнемі бақылау маңызды. Дәрігерлер келгенге дейін адамға таблетка беруге болмайды, себебі оның жағдайы одан да нашарлап, диагноз қою қыынға соғады.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шағын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. 28 жастағы науқас А. үйінде ауыр жағдайда табылды. Шағымдары: басының самай бөлігінің

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 45 беті

қатты ауырсынуы, басы айналуы, жүрек айнуы, құсуы, ентігіп ауа жетіспеуі. Науқастың айтуы бойынша осы жағдай жұмыс орнындағы от жағатын жүйенің ақаулары салдарынан кейін дамығанын айтады. Науқаста дамыған шүғыл жағдайды анықтаңыз:

- A. -көмір қышқыл газымен улану
 - B. -алкоголь сурагатымен улану
 - C. -гипертония
 - D. -гипотония
 - E. -тамақпен улану
2. Ишке қан кету белгісіне...тән.
- A. -терінің бозаруы
 - B. -АҚҚ көтерілуі
 - C. -терінің қызаруы
 - D. -брадикардия
 - E. -экспираторлы ентігу
3. Гематома – бұл...жиналуы.
- A. -қанның тіндерде
 - B. -қаннның плевра қуысында
 - C. -қаннның перикард қуысында
 - D. -қаннның буын арасында
 - E. -қаннның ішперде қуысында
4. Асқазаннан қан кетуге...тән.
- A. -кофе тәрізді құсу
 - B. -қан аралас құсу
 - C. -ауыздан көпіршікті қан шығу
 - D. -іштің тұйықталу дыбысы
 - E. -өтті құсық
5. Тромболитикалық дәрі-дәрмекке ... кіреді.
- A. варфарин
 - B. гепарин
 - C. тиклопедин
 - D. аналгин
 - E. промедол
6. Кеуде клеткасы қысылған науқасты...керек.
- A. -ішімен жатқызып, ауруды басатын дәрілер енгізу
 - B. -арқасымен жатқызып, ауруды басатын дәрілер енгізу
 - C. -вертикалды қалыпта отырғызу
 - D. -ауруды басатын дәрілер енгізу
 - E. -жартылай отыру қалпын беріп, ауруды басатын дәрілер енгізу
7. Жіті іш синдромында ... керек.
- A. -ішке мұз қойып, жедел ауруханаға жатқызу
 - B. -ауырсынуды басатын дәрі енгізу
 - C. -асқазанды жуу
 - D. -тазалау клизмасын жасау
 - E. -наркотикалық анальгетиктер енгізу
8. Естен танған науқасқа жәрдем көрсеткенде...қалыптың беру керек.
- A. -аяқты қөтерумен горизонтальды
 - B. -аяқтар бастан төмендеген
 - C. -жартылай отыру
 - D. -вертикальды
 - E. -горизонтальды

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 46 беті

9. Ашық пневматоракста... қойылады.

- A. -окклюзиялық байлам
- B. -фиксирленген байлам
- C. -қызып байлау
- D. -Дезо байламы
- E. -Вельпо байламы

10. Тіс дәрігөрі қабылдаудына 57 жастағы ер кісі келді, бөлмеде кенеттен тұншығу ұстамасы басталды. Стол шетіне сүйеніп орындыққа отырды, беті – цианозды, үрейлі, кеудесі – бочка тәрізді. Экспираторлы ентігу, алыстан естілетін құрғақ, ысқырықты сырыйлдар. Осы жағдайда қолданылатын дәрі:

- A. -салбутамол
- B. -папаверин
- C. -либексин
- D. -тусупрекс
- E. -анальгин

Ситуациялық есеп

Ес-түссіз 60 жастағы ер адамды үйге шақыру. Әйелінің айтуынша, есінен танудан бірнеше сағат бұрын ол катты бас ауруы, бас айналу, жүрек айну, құсу туралы шағымданды. Бір күн бұрын алкогольді ішетін мереке болды. Анамнезінде гипертония, жүйелі түрде емделмеген.

Объективті: байланыссыз, сөйлеу жоқ. Бет гиперемиясы, оқушылар екі жағынан да кенейген, тен, жарыққа реакция жоқ, психомоторлы қозу. Тозақ 280/120 мм сын. бағ. ст., импульс минутына 120 соққы, тыныс шулы, терең, апноэ кезеңдері 5-10 секундқа дейін.

Тапсырма:

- 1..Науқаста дамыған төтенше жағдайды анықтаңыз.
2. Жедел жәрдем алгоритмін жасаңыз және әр кезеңді негізденіз
3. Көктамыр ішіне реактивті енгізу техникасын көрсетіңіз.

12-сабак

5.1. Дәрістің тақырыбы: Қайғылы оқигалар: электроЖарақат, суға бату, странгуляциялық асфиксия, қызып кету, суық өтіп кету кезіндегі мейірлерлік күтім.

5. 2. Сабактың мақсаты:

- Қауіпсіз мейірлерлік күтім көрсетуді талап ететін өмірге қауіпті жағдайлардың негізгі диагностика тәсілдерін үйрету.
- Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету.

5. 3. Пәннің міндеттері:

Шұғыл мейірлерлік көмек көрсету әрекеттерін орындау, өзінің рөлдерін, құқықтары мен лимиттерін түсіну, нормативтік – құқықтық актілерге және шұғыл көмек көрсету кезінде үйымдастыруышылық талаптарға сәйкес өзінің іс-әрекеті мен әрекетсіздігі үшін жауапкершілікті өзіне алуы, мейірбикелік күтімнің сапасын жақсарту үшін кәсіби қызметке шұғыл көмек көрсету кезінде басқару ережелерін ұстану.

1.7. Тақырыптың негізгі сұрақтары.

- 1) Суық өту кезіндегі шұғыл көмек?
- 2) Асфиксия түрлері?

Асфиксия – ағзада көмірқышқыл құрамы көбеюінен, оттегі жетіспеушілігімен сипатталатын жағдай

Оның себептері ауулар, уланулар (токсикалық асфиксия) және механикалық кедергілер Механикалық асфиксия: Жіті өкпе тынысы, қанайналым және ми функциясы бұзылыстары; Бірнеше минутқа созылған асфиксиялық жағдай өлімге әкеледі;

Асфиксия 5-6 минутқа созылады;

Жүрек бұлышық еттерде жіті оттегі жеткіліксіз-дігінен жүрек жиырылуы әлсірейді;

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 47 беті

Оқпеден айдалатын қан бұзылысынан беттегі вена қанға толықсып, басқада ағзаларда қан айдалуы бұзылады

Асфиксияның жіктелуі 1. Жаншылудан болатын асфиксия

а) странгуляциялық (асылу, ілмекке, колмен буындыру)

б) компрессиялық (кеуде және іштің қысылуы)

2. Жабылудан болған асфиксия

а) обтурациялық (ауыз және мұрын жабу, ірі бөгде заттармен тыныс жолдарының бітелуі)

б) аспирациялық (себілетін заттармен, сұйық заттармен аспирация)

в) Тұншығу

Шектеулі жабық кеңістіктегі асфиксия

Асылу (странгуляциялық асфиксия)

Дененің барлық немесе жартылай дene салмағының ауырлық әсерінен мойынның ілмекпен қысылуы

Мойындағы ілмектің орналасуына байланысты толық, толық емес (түрегеп тұрғанда, тізе бүіп отырғанда) мойынға ілмектің орналасуына байланысты ауаның өкпеге жетіспеуі, тамырлардың, мойын нерв бағаналарының қысылуы

Ұйқы артерия қысылуы, мидағы оттегі жетіспеушілігіне әкелсе, мойылдырық қөктамыр қысылуы бассүйегі ішінен қанның кері қайтуы бұзылып қысым жоғарлауына әкеледі. Бірнеше секундта ми қанға толып, 3-4 минутта ісіну дамиды. Нәтижесінде – естен тану, құрысу, еріксіз зэр шығару және дефекация болады

Асылу кезінде странгуляциялық жүлге із қалады

Алғашқы көмек

Тыныс жолдары өткізгіштігін жақсарту. Зардал шегушіні көтеріп тұрып мойынды ілмектен босату. Арқанды қиғаштап, мойынның жоғарғы бөлігінен кесіп алу. Ауыз қуысын сілекей, көбіктен тазалау (егер жұлын зақымданбаса)

Егер тыныс, жүрек соғысы сақталған құрысу болса науқасты жанымен жатқызу

Егер айқын құрысу басталған жағдайда тілін шайнау, қосымша жарақаттың алдын алу мақсатында денесін еденге басып ұстау, басын сүйеу. Құрысу ұзақтығы 5-6 минут созылады. Мойын тамырлары қысылуынан дамыған ми ісігі себептерін емдегеннен кейін өздігінше қайтады

Клиникалық өлім белгілері пайда болған кезде жүрек-реанимациясын бастау

Өкпені жасанды желдендеру, кеңірдек интубациясы.

Құрысу кезінде 2-4 мл реланиум немесе седуксен 2-4 мл 10-20 мл физиологиялық ертіндімен арапастырып қөктамырға енгізу.

Патогенетикалық ем (спазмолитиктер, диуретиктер, сода ертіндісі).

Суға бату

Бұл жабық тыныс жолдарына қандай бір сұйықтық енуіне байланысты дамитын механикалық асфиксияның бір түрі.

Суға бату ортасы судан басқа (тұзды немесе тұщы) батпақ, нефть, бояу, май, өндірістегі әртүрлі сұйықтықтар (пиво,).

Алғашқы көмек

Суға батудың бозғылт типінде бірден жүрек-өкпе реанимациясын бастаған жөн;

Суға батудың көк типінде тез тыныс жолдары-нан суды шығару. Науқасты құтқарушының бүгілген санына ішімен жатқызып, кеуде тұсы бүйір бетінен қысып, үрғылап, (15-30 сек) қайта арқасымен жатқызу;

Ауыз қуысын сорғышпен тазалау (АДР-10), егер айқын ларингоспазм болса трахеостомия немесе коникотомия жасау. ЖӘР жасау;

Суға батқан науқастарда тыныс қимылы көрінсе, өкпе желденуі қалпына келді деп айтуда келмейді, сондықтан ӨЖЖ жалғастыру қажет.

Қалтырау болса құрғақ жылы одеялмен орау, грелка қою.

Электрожарақат

OÝNTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 48 беті

Тұрақты токты қабылдау шегі, денеге енуі 5-10 миллиампер (mA), ал тұрмыста қолданатын ауыспалы токтың қабылдау шегі (60 Гц) -1-10 mA.

0,05-0,1 ампер (A) күші бар ток адам өліміне әкеледі. Төменгі вольтті күйіктер жиі тұрмыста, ал жоғары вольтты күйіктер жиі өндірістерде кездеседі. Төменгі кернеулі электр тогы қарсылығы төмен жолдармен жүріп әсері тіндерге төмен, ал жоғарғы кернеулі ток қысқа жолдармен таралып, ауыр зақымдар тудырады

Электр тогы өткеннен кейін 2-3 минуттан кейін жүрек фибрилляциясы, жыпылықтағыш аритмия, коронарлы қантамырлар спазмы, тыныс бұлышқа еттері, кенірдек спазмы- асфиксияға алып келеді. Жалпы тоникалық тырысулар болады. Есін жоғалтады (қысқа уақыт немесе терең және ұзак), цианоз, гипотония, сирек қантамыр спазмына байланысты артериалды қысым жоғарылады. Жоғарыдағы белгілер жалған өлімге әкеледі (мнимая смерть). Күйіктің IV дәрежесін ажыратады. Ортасы шұңқырланған кішкентай некроз, қабыршақтардың жыртылуы оның шеттерінің буылтықтануы, кең көлемді IV дәрежелі күйікте күлдену болады.

Алғашқы көмек:

Зардан шегушіден электр ток көзін алып тастау.

Тогы бар сымды арнайы ағаш сапты құрекпен, балтамен және басқа кесетін заттармен сымды кесіп тастау немесе науқасты киімінен ұстап суырып алу. Көмек көрсету什і өзін электр тогынан қорғау үшін: қолын құрғақ матамен орап, тақтайдаң үстіне, резина қолғап киу, кілемшешіңің немесе ток өткізбейтін заттың үстінде тұрып өзін жерден бөлектеуі қажет.

Науқасты арқасына жатқызып, жалған өлім (мнимая смерть) кезінде ӨЖЖ және жүрекке жанама массаж жасау. 10% аммиак ерітіндісін иіскету, 1-2 мл кордиамин ертіндісін енгізу. Науқасты зеңбілмен тасымалдау.

Ыстық өту-сыртқы жылу факторлары әсерінен дамитын ағзаның жалпы ысуымен көрінетін патологиялық жағдай. Ыстық өту- температурасы мен ылғалдылығы жоғары бөлмеде ұзақ отыру, ыстық жерде ұзақ жүру, қапырық және ауа кірмейтін бөлмелерде физикалық жүктеме жасау, балаларды жылы көрпеге орау, қапырық бөлмеде ұстай әсерін тигізеді.

Науқастарда жалпы әлсіздік, бас ауыру, бас айналуы, құлағы шуылдау, ұйқышылдық, шөлдеу, дene қызыу 40-44° С дейін көтеріледі. Ауыр түрінде тынысы бәсендейді, тыныс Чейн – Стокс, АҚҚ төмендейді. Науқаста есендіреу, есін жоғалту, тырысу комаға түседі. Кейде сандырақтау, психомоторлы қозу, емшек жасындағы балаларда диспепсиялық көрініс (құсық, іші өтуі), дамиды. Ыстық және күн өтуі кезіндегі жедел көмек алгоритмі

Науқасты жылдам салқын бөлмеге шығару, таза ауаның кіруіне жағдай жасау.

Киімдерін шешу, сұық су ішкізу, басына сұық компресс (шап, қолтық аймақтарына) қою.

Сұйықтық жоғалтқанда, 300-500 мл натрий хлориді ерітіндісін көк тамырға енгізеді.

Тырысу және қозу кезінде бұлышқа етке 2-4 мл седуксен енгізу.

Ауруханаға тасымалдау.

5.5. Оқыту және оқыту әдістері (шагын топтар, пікірталастар, ситуациялық есептер, жұппен жұмыс, презентациялар, кейс-стади және т.б.).

5.6. Әдебиет. Соңғы бетте

5.7. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т. б.)

Тесттер :

1. Сұға батудағы жедел жәрдем:

- A. -асқазаннан суды шығару, өкпеге жасанды тыныс беру, жүрекке тікелей емес массаж
- B. -тыныс аналептикері, өкпеге жасанды тыныс беру, жүрекке тікелей емес массаж
- C. -тыныс аналептикері, асқазаннан суды шығару, өкпеге жасанды тыныс беру
- D. -тыныс аналептикері, наркотикалық анальгетиктер, жүрекке тікелей емес массаж
- E. -асқазаннан суды шығару, наркотикалық анальгетиктер, өкпеге жасанды тыныс беру

2. Үсік кезінде бірінші дәрігерге дейінгі көмек көрсету барысында ... тыйым салынады.

- A. -үсік шалған жерді қармен ысқылауға
- B. -жылуды біртінде 40°C жоғарылатып пайдалануға

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ici-2» кафедрасы Әдістемелік нұсқаулық	044-80/11 () 64 беттің 49 беті

- C. -су күмдерін құрғақ киімдермен алмастыруға
- D. -аяқ-қолдарын белсенді жылдытуға
- E. -ыстық шәй беруге

3. Тонып қалған жәбірленушіге бірінші медициналық көмек көрсету кезінде ... дұрыс іс-әрекет деп саналады.

- A. -ваннада судың температуrasын 20 °C –тан бастап біртіндеп жоғарылата отырып жылдыту
- B. -ішінде 40 °C-тан жоғары температурадағы су бар жылдытқыш қалтаны қою арқылы жылдыту
- C. -жәбірленушінің үсіп қалған жерлерін қармен ысқылау
- D. -қыздыру мақсатында алкогольді ұсыну
- E. -жәбірленушінің үсіп қалған жерлерін спиртпен ысқылау

4. Электрожарақат кезінде иммобилизация ... жағдайда жасалады.

- A. -сынық болған
- B. -электробелгі болған
- C. -күрыспа ұстамасы болған
- D. -естен танған
- E. -жүрек тоқтап қалған

